3 ҚАРАША,
СЕЙСЕНБІ,
2026 ЖЫЛ
№121 (23 735)

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

95 ЖЫЛ

www.ortalyq.kz | www.instagram.com/ortalyq.kz/ | www.facebook.com/ortalyq.kz/ | info@ortalyq.kz

Тастан табыс табады
3-бет



Ұлттық мұра – аманат
6-бет



Ұлт көсемін ұлықтады
8-бет



Өндірісті өңір өрлеу жолында

Елдің экономикалық тұрғыда индустриалдық тірегі мен жүрегіне айналған Қарағанды аймағының бүгінгі келбетінде кеншілер мекеніндегі еңбек адамдарының ерен еңбегі жатыр. Кеше Қарағанды облысында жұмыс сапарымен болған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сондықтан да «Кеншілер мекені – нағыз еңбек адамдарының киелі бесігі» деді. Президент облыс экономикасының даму қарқынына баға беріп, шикізаттық емес өнім экспортының едәуір өскеніне де ерекше назар аударды. Ал Қарағанды металлургия зауытының отандық металлургияның қарашаңырағы, тұтас аймақтың экономикалық тірегі екенін де атады. Бұдан бірер жыл бұрын «Qarmet» компаниясына қатысты қабылданған шешімдердің нәтижесін бақылау үшін комбинаттың қазіргі жай-күйіне үңілген Президент бірқатар іргелі цехтарын, кешендерін аралап көрді. Осыдан 3 жыл бұрын іске қосылған трамвай жүйесінің жұмысымен танысты. Жұмыс сапарының соңында комбинаттың ұжымымен жүздесіп, еңбек адамдарына мемлекеттік наградаларды табыстады. Қарағанды аймағының әлеуметтік-экономикалық дамуы да келесі кездесуде баяндалды. Тарқатайық...



РЕСМИ

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өзгерістер – игілік бастауы

Теміртау үшін, атап айтқанда, «Qarmet» компаниясы үшін трамвай көлігінің мәні тереңде. Оның құрыш қала тарихында тек қана көлік емес, бір кездері әлеуметтік ахуалға зор әсері бар жүйеге айналғаны анық. Алайда бұған дейінгі компания басшылығы тарапынан трамвайлар тоқтатылып, бұл қала тұрғындарын тығырыққа тіреген еді. Ал жаңа инвестор 2023 жылдың ақпанында трамвай қатынасын іске қосты. Былтыр сәуір мен қыркүйек айларының аралығында 30 шақырым теміржол жолы қалпына келтіріліп, жаңартылды. Компания 8 жаңа заманауи трамвай вагонын сатып алды. Оның алғашқысы былтыр 1 қазанда сынақтан өтті. Қазіргі уақытта Теміртау қаласында трамвайлар бекітілген кестеге сәйкес тұрақты қатынайды. ONAY жүйесі енгізілген. «Qarmet» қызметкерлері үшін жол жүру тегін.

Сол себепті де Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарын трамвай жүйесінің жұмысымен танысудан бастады. Атап айтқанда, Мемлекет басшысы трамваймен Республика даңғылынан «Инженер» аялдамасына дейін жүріп өтіп, атқарылған істің сапасына және жаңартылған көлік инфрақұрылымына бағасын берді.

– Шын мәнінде, Теміртау үшін трамвай – заманаларды байланыстыратын дәнекер іспеттес. Тұрғындардың трамвай қатынасын қалпына келтіру туралы талабын орындағаныңыз дұрыс болыпты. Комбинатқа алғаш келгеніңізде Теміртау қаласын абаттандырумен міндетті түрде айналысу қажет деп айтқан едім. Өйткені, қала күтім көрмей, тозып кетті. Әлі де атқарылатын жұмыс көп, дегенмен бастамасы жақсы. Теміртау тұрғындары табиғи газбен қамтамасыз етілді. Байқауымша, халықтың көңіл күйі көтеріңкі. Өйткені адамдар айналадағы оң өзгерістерді байқап, алғыстарын білдіруде. Еңбек ұжымының да көңіл күйі айтарлықтай жақсарғаны байқалады. Ең бастысы, жағымды үдеріс бар. Біз комбинатты міндетті түрде прогресс пен табыстың символына айналдырамыз, тіпті, оны өркендетеміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан соң Мемлекет басшысы «Qarmet» конвертер цехының жұмысымен танысты. Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Qarmet» компаниясының болат балқыту өндірісінің негізгі буыны саналатын конвертер цехы жөнінде баяндалды.

Президентке домна пешінде балқытылған шойынның қалай құрышқа айналатыны, содан кейін үздіксіз құю қондырғысына және одан әрі илемдеуге жіберілетіні көрсетілді. «Qarmet» компаниясы 2024 жылы №1 және №2 конвертерлерде күрделі жөндеу жүргізіп, корпустарды толық ауыстырды және анағұрлым заманауи конструкциялар орнатты.

Жаңғырту жұмыстары шығарылатын өнім түрлерін көбейтуге, қорытылған болат көлемін ұлғайтуға, құрал-жабдықтардың сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар цехтағы бірқатар технологиялық үдерісті табиғи газға көшіру ісі жалғасып жатыр. «Qarmet» директорлар кеңесінің төрағасы Андрей Лаврентьев Мемлекет басшысына өндірістік көрсеткіштер өсімі және инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру барысы туралы есеп берді.

– 2026 жылдың қорытындысы бойынша 4 миллион тонна болат, 3,6 миллион тонна көмір және 3,9 миллион тонна темір рудасының концентратын өндіру жоспарланып отыр.

Компания жұмысы басталғаннан бері инвестиция көлемі 2,7 миллиардтан астам долларды құрады. Бұл қаражат өндіріс қуатын жаңғыртуға және жаңа өнеркәсіптік нысан салуға бағытталды, – деді Андрей Лаврентьев.

Іргелі инвест-жоба

Қасым-Жомарт Тоқаев комбинаттағы №8 және №9 жаңа кокс батареяларының құрылысымен де танысты. Бұл – «Qarmet» компаниясының ірі инвестициялық жобаларының бірі. Жобаның бас технологиялық серіктесі – ACRE Coking & Refractory Engineering Consulting Corporation.

Екі батареяның жылдық өндірістік қуаты – 1,5 миллион тонна құрғақ кокс. Әр батарея биіктігі 7,6 метр болатын 54 кокс пешінен тұрады. Жаңа нысан пайдалануға берілгеннен кейін 1960 жылдардан бері жұмыс істеп келе жатқан №1-4 ескі батареялардың жұмысы тоқтатылады.

Жаңа агрегаттар домна өндірісін отандық кокспен тұрақты қамтамасыз етуге, оның сапасын жақсартуға және бүкіл металлургиялық циклдің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Жоба аясында заманауи инфрақұрылым, газ тазарту және зиянды шығарындыларды азайту жүйелері қарастырылған.

Биыл қыркүйек айында №8 батареяда отқа төзімді кірпіш қалау жұмыстары басталыпты. Оны келесі жылы пайдалануға беру жоспарланған.

«Qarmet» компаниясының күрделі құрылыс жөніндегі директоры Алексей Сидоренко батареялардың атқаратын маңызды рөлі туралы айтты.

– Кокс өндірісі деген не? Қарағанды көмір бассейніндегі 8 шахтадан өндірілетін кокс көмірі зауытқа жеткізіледі. Батарея камераларында 1500°С-тан жоғары температурада көмір жағылады. Жану барысында бөлінетін газ өндірістің өзінде отын ретінде пайдаланылады. Дайын құрғақ кокс шойын өндіру процесінде домна цехтарында негізгі компонент ретінде қолданылады. Кәсіпорында кейінгі 60 жылдан астам уақыт ішінде мұндай ауқымды жаңа батареялар құрылысы жүргізілмеген. Бұған дейін тек күрделі жөндеулер ғана жасалған. №8 батареяда отқа шыдамды материалдарды қалау жұмыстары басталды. №9 батареяда жерасты іргетас жұмыстары толық аяқталды. «Тепляк» құрылысына келетін болсақ, қазіргі уақытта ішкі температураны белгілі бір деңгейде ұстап, отқа шыдамды қалау жұмыстарын жүргізуге жағдай жасайтын арнайы уақытша ғимарат («тепляк») құрастырылуда. Жоба аясында тек батареялар емес, сонымен қатар көмір мұнаралары, түтін мұнаралары, сөндіру мұнаралары, газ тазалау кешені сияқты 100-ден астам ғимарат пен құрылыс бой көтереді, – деді Алексей Сидоренко.

Алексей Сидоренко жаңа №8 және №9 кокс батареялары тиісті түрде пайдаланылса, 40 жылдан астам үздіксіз қызмет ететінін айтты.

71 жастағы комбинат ардагері, 49 жыл еңбек еткен Геннадий Водовозов тарихи шолу жасады.

– 1960 жылдың 1 желтоқсанында алғашқы қазақстандық кокс өндіріліп шықты. Бастапқы кезеңде әрқайсысының жылдық өндірістік қуаты 480 мың тоннаны құрайтын №1, №2, №3 және №4 кокс батареялары кезең-кезеңімен пайдалануға берілді. Кейіннен кокс-химия өндірісін дамыту жоспарына сәйкес №5, №6 және №7 кокс батареялары салынды. Мәселен, ірі жүкті №7 кокс батареясы жылына 920 мың тонна жоғары сапалы кокс шығаруға мүмкіндік берді. 1990 жылдардың алғашқы жартысында №1, №2, №3, №4 және №5 кокс батареялары қайта жаңартудан өтті. Ал, №6 кокс батареясы пайдаланудан шығарылды. 2005-2006 жылдары №7 кокс батареясы қайта жаңартылды. Бұл жұмыстар барысында батареялардың қалауына, анкераж монтажына, қыздыру және кептіру процестеріне, сондай-ақ оларды іске қосу шараларына қатаң бақылау жүргізілді.



▶ 2-бет

БАСПАСӨЗ-2027

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2027 жылға жазылу науқаны басталды. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар, барлығы – бір газетте. «Ortalyq Qazaqstan» – сенімді ақпарат, салмақты сараптама!

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)		«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	12 айға 15 500 теңге	6 ай	16 109,75	11 162,53
		12 ай	32 219,50	22 325,06
Жеке жазылулар үшін	12 айға 7000 теңге	6 ай	7 529,07	6 912,53
		12 ай	15 058,14	13 825,06

Жеңілдікті тарифтер 25 қазаннан 25 қарашаға дейін (жылдық жазылым)

Санаттар	Баламалы жазылым 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	11 500	27 219,50	16 825,05
Жеке жазылулар үшін	5800	12 858,13	11 725,05

Каспи QR арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімделеді.«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) баламалы жазылу жүргізіледі.

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-778-846-00-01, 8-705-902-04-05.
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

«Ortalyq Qazaqstan» – әр шаңыраққа!

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●EUR/KZT **508.33** ●USD/KZT **453.87** ●RUB/KZT **5.65** ●CNY/KZT **68.22**

Қазақстан Ұлттық Банкінің 2 қараша, 2026 жылғы дерегі бойынша

3 ҚАРАША, 2026 ЖЫЛ №121 (23 735) ORTALYQ QAZAQSTAN

Өндірісті өңір өрлеу жолында

(Соңы. Басы 1-бетте)

Уақыт өте келе кәсіпорындағы кокс батареяларының қоры ескірді. Кокс батареясының қалыпты қызмет ету мерзімі 30-35 жылды құрайды. Мысалы, 1990 жылы қайта жаңарту басталған №3 кокс батареясының қолданылып жатқанына 36 жыл болған. Бұл олардың өз ресурсын толық тауысқанын және заманауи модернизацияны қажет ететінін көрсетеді. Осыған байланысты «Qarmet» компаниясының келуімен пеш қорын қысқа мерзімде жаңғырту туралы шешім қабылданды, – деді комбинат ардагері.



Қарағанды металлургиясының қайта түлеуі

Заманауи сортты прокат кешенінің де құрылысы Мемлекет басшысы назарына ұсынылды. Кешен жылына 540 мың тоннадан астам дайын өнім шығаруға қауқарлы. Жобаның технологиялық серіктесі – Қытайдың CERI инжинирингтік компаниясы.

Жаңа цехта А600 және А1000 класты жоғары беріктіктегі құрылыс арматурасы өндірілмек. Сонымен қатар, өнім түрлері бұрыштық темір (уголок), швеллер және сұранысқа ие өзге де металл бұйымдарымен толықтырылады. Кешенге сағатына 100 тоннаға дейін металл қыздыра алатын жоғары өнімді қыздыру пеші орнатылады.

Мамандардың дерегінше, құрылыстағы шаршы метрдің 17-18%-ын арматура құрайды екен. Елімізде 1,5 миллион тонна арматура тұтынылады. Соның 1 миллион тоннадан астамы импортқа кетеді. Комбинат аумағындағы өндіріс орнында өндірілген арматуралар ел ішіндегі қажеттіліктерді қамтамасыз етпек.

Жоба бастапқы прокат өндірісін едәуір ұлғайтуға, ішкі нарықтағы импорттық өнімге тәуелділікті азайтуға және кәсіпорынның құрылыс сегментіндегі, оның ішінде, АЭС салу кезіндегі мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта объектіде негізгі технологиялық жабдықты монтаждау және қамтамасыз ететін инфрақұрылым құрылысы жүзеге асырылуда. Сортты илемдеу цехын пайдалануға беру жыл соңына жоспарланған.

Кәсіпорын басшылығы атап өткендей, «Qarmet» инвестициялық бағдарламасының жалпы көлемі 3,5 млрд долларды құрайды. Компанияның стратегиялық мақсаты – 2028 жылға қарай 5 млн тонна болат, 9 млн тонна көмір және 5 млн тонна темір кені концентратын өндіруге қол жеткізу, өзіндік тұрақтылықты төмендету, отандық металл өнімдерінің экологиялық тазалығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Еңбек ұжымымен еркін жүздесу

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Теміртауға жұмыс сапары барысында «Qarmet» акционерлік қоғамының ұжымымен және кәсіподақ мүшелерімен кездесу өткізді.

Мемлекет басшысы өз сөзінде облыстың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

– Кеншілер мекенін нағыз еңбек адамдарының киелі бесігі десек, артық болмайды. Қазір облыс экономикасы қарқынды дамып келе жатыр. Бұл, әрине, қуанышты жағдай. Әсіресе, аймақтағы шикізаттық емес өнім экспорты едәуір өскенін атап өту керек. Ауыр өнеркәсіп саласында жалпы құны 4,2 триллион теңге болатын өнім өндірілді. Бұл – шын мәнінде, зор жетістік. Еліміз бойынша да оң үрдіс жалғасуда. Осы жылдың соңына дейін Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің көлемі 398 миллиард долларға жетіп қалады. Бұл – Орталық Азиядағы ең жоғары көрсеткіш. Ал, өңдеу өнеркәсібінің ел экономикасындағы үлесі 14 пайыздан асты. Мұның бәрі Қазақстан халқының табанды еңбегінің, ауқымды жұмысының жемісі екені сөзсіз. Осы орайда, әсіресе, облыстың өсіп-өркендеуіне «Qarmet» зауыты мол үлес қосып отырғанын атап өткім келеді. Қарағанды металлургия зауыты отандық металлургияның қарашаңырағы, тұтас аймақтың экономикалық тірегі саналады. Бұл ірі кәсіпорын еліміздің индустриялық әлеуетін арттыру ісінде ерекше рөл атқарады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент «Qarmet» компаниясының бұған дейінгі жай-күйі күрделі болғанына назар аударды.

– Қабылданған батыл шешімдер жағдайды өзгертіп, осы бірегей комбинаттың дамуына тың серпін берді. Шығыстарды оңтайландыру және инвестиция тарту арқылы компания миллиардтаған шығыннан арылып, қиын кезеңді еңсерді. Осының нәтижесінде былтыр «Qarmet» 1,1 триллион теңге түсіммен таза пайдаға шықты. Кәсіпорында ауқымды жаңғырту бағдарламасы қолға алынды. Оны іске асыруға 2028 жылға дейін 3,5 миллиард доллар қаржы жұмсалады. Өндіріске озық технологиялар мен цифрлық шешімдер енгізуге айрықша мән берілуде. Жұмысты ұйымдастыру және еңбек қауіпсіздігі мәселесі ерекше бақылауға алынды, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, бүгінде «Qarmet» бизнестің жоғары деңгейдегі әлеуметтік жауапкершілігі қандай болатынын көрсетіп отыр.

– Мәселен, кәсіпорын өз есебінен Теміртаудағы трамвай қозғалысын толық қалпына келтірді. Мен әлгінде ғана трамваймен жүріп көріп, аталған бастаманы құптадым. Теміртау тұрғындарына тамаша тарту болды деп ойлаймын. Компания жас мамандарды оқытуға және жұмыспен қамтуға арналған «Болашаққа жол» әлеуметтік бағдарламасын қолға алды. Бірінші кезеңде еліміздің әр аймағынан 500-ге жуық адам қамтылады. Білікті мамандарға, әсіресе, жұмысшы мамандық иелеріне сұраныс артып келеді. Бағдарлама, ең алдымен, осы үдеден шығады. Бұл бастамаға басқа да ірі кәсіпорындар қосылады деп үміттенемін, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, металлургия комбинатының жетістіктері еліміздегі ауқымды өзгерістермен тығыз байланысты. Қазақстан дамудың жаңа тарихи кезеңіне қадам басты. Алайда, қол жеткізген табысқа тоқмейілсуге болмайды. Алдымызда атқаратын шаруа көп.

– Еліміздің саяси жүйесінің берік құрылымы қалыптасты. Бұл реформалар, ең алдымен, мемлекет іргесін нығайту мақсатында жасалып жатыр. Әлемдік саясат пен экономикада мүлдем жаңа, әлі кеңірек зерделеніп үлгермеген жағдаяттар пайда болған кезеңде мұның маңызы өте зор. Қазақстан пайдасымен қоса кемшілігі, тіпті, тіршілікке қатер де төндіретін жасанды интеллект үстемдік құратын жаңа әлемге ойдағыдай бейімделу үшін тыңғылықты дайындалуға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент еліміздің тарихында бұрын-соңды болмаған қарқынды құрылысқа кірісіп, бүкіл азаматтық инфрақұрылым жаңғыратынын жеткізді.

– Келесі жылды «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы» деп жариялаймын. Осы орасан жұмысқа «Халықтық құрылыс» деген атау берілді. Жолдауда атап өткенімдей, аталған ғаламат жобаға шамамен 6,5 триллион теңге бөлінеді. Бұл – орынды шешім. Өйткені, «Халықтық құрылыс» аясында ел-жұртымыз барынша мұқтаж боп отырған жобалар іске асырылады. Ең маңыздысы, «Халықтық құрылыс» тұтас елді, барлық қала мен ауданды қамтиды. Шын мәнінде, біз баянды болашақтың сенімді іргетасын қалап жатырмыз. Өйткені, жаңа әрі жөнделген жолдарды, әуежайларды, вокзалдарды, электр станцияларын, ауруханаларды, емханаларды, мектептерді, ерекше балаларды оңалту орталықтарын, балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйлерін, спорт нысандарын, бір сөзбен айтқанда, барлық азаматтық инфрақұрылымды бірнеше буын пайдаланып, игілігін көреді. Жалпы, «Халықтық құрылыстың» бүкіл мән-мағынасын «Құрылыс және тағы да құрылыс» деген бір ауыз сөзбен түсіндіруге болады. Түптеп келгенде, бүгінгі және келешек ұрпаққа бағдарламалар мен тұжырымдарды емес (бірақ бұл да өте маңызды), біз оларға материалдық құндылықтарды, ең алдымен, әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын аманат етіп қалдыруымыз керек. Халқымыздың әлдеқайда жайлы өмір сүруге, қазіргі өркениетті заманның барлық игілігін көруге хақы бар. Әділетті Қазақстанды құру стратегиясының басты мақсаты да – осы, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің этносаралық және дінаралық келісім саясатына және «Бірлігіміз – әралуандықта» қағидатына бейіл екенін мәлімдеді.

– Халық мүддесі жолындағы реформаларды табысты жалғастыру үшін ел ішінде бейбітшілік пен тұрақтылық болуы қажет. Қазақстанға жамандық тілеп, іс-әрекеті арқылы зиян келтіруге тырысатын кез келген адам «Заң және тәртіп» қағидатына сәйкес жауапқа тартылуға тиіс әрі солай болады. Елімізде заң мен тәртіп үстемдік құруы қажет. Қазақстан – бейбіт мемлекет. Біз бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуға үлес қосу үшін әрдайым қолдаймыз. Сондықтан мен еліміздің индустриясы мен өнеркәсібін дамытуға елеулі үлес қосқан бір топ азаматты мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы Жарлыққа қол қойдым. Бұл – Отанымыздың игілігі үшін жасаған еселі еңбектеріңізге берілген лайықты баға, – деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ, Президент бизнеске жан-жақты қолдау көрсету қажеттігін мәлімдеді.

– Жолдауымда мемлекет шағын бизнесті қолдау үшін бірқатар шара қабылдайтынын, соның ішінде, алдағы үш жылда тексерістен босататынын айтқанымды білесіздер. Шағын бизнес жаңа салық шарттарына ойдағыдай бейімделуі үшін оған қазір қол ұшын созу керек деп ойлаймын. Кредитті арзандату мақсатында кәсіпорындарды қаржыландыру мәселесін де пысықтаған жөн, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



Ерен еңбекке құрмет

Мемлекет басшысы жиын соңында елдің өндірістік және индустриялық дамуына қосқан елеулі үлесі үшін «Qarmet» акционерлік қоғамының бір топ қызметкерін жоғары мемлекеттік наградалармен марапаттады.

«Qarmet» АҚ-ның цех шөмішшісі Зейнолла Ыдырысов пен «Қарағанды көмір» серіктестігінің «Тентек» шахтасының бригадирі Александр Измер «Құрмет» орденімен марапатталды.

Ал, үшінші дәрежелі «Еңбек даңқы» ордені «Өркен» серіктестігінің «Батыс Қаражал» шахтасының үңгілеушісі Жамбыл Абюровке, «Қарағанды көмір» серіктестігінің «Қазақстан» шахтасының электр слесарі Гуля Баулековаға, «Qarmet» АҚ-ның инженері Игорь Ивановқа, «Қарағанды көмір» серіктестігінің Костенко атындағы шахтасының электр слесарі Марат Жанаевқа, «Qarmet» АҚ-ның ауысым бастығы Бекболат Қанаевқа, «Қарағанды көмір» серіктестігінің Ленин атындағы шахтасының директоры Валерий Ханға табысталды.

«Ерен еңбегі үшін» медалімен «Qarmet» АҚ-ның жетекші инженері Арман Ахметов, «Өркен» серіктестігінің «Өркен-Атансор» ұсақтау-байыту фабрикасының шебері Сансызбай Алшынбаев, «Qarmet» АҚ-ның жетекші инженері Дмитрий Захаров, «Қарағанды көмір» серіктестігінің «Шахтинск» шахтасының кеншісі Рафхат Байжанов, «Qarmet» АҚ-ның цех бастығының орынбасары Константин Иванов, «Өркен» серіктестігінің Лисаков филиалының кран машинисі Татьяна Фомина, «Qarmet» АҚ-ның қызмет бастығы Сергей Колесов марапатталды.

Қарағандының қарышты қадамы

Мемлекет басшысына Қарағанды облысының негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері, инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуы және өңірді одан әрі жаңғырту жоспары туралы ақпарат ұсынылды.

Тоғыз айдың қорытындысы бойынша облыс экономикасы 2,9 пайызға артып, өнеркәсіп өндірісі 4,9 пайызға ұлғайды. Айтарлықтай қарқын машина жасау саласында байқалды, өсім – 26,2 пайыз.

Өңірдің 2032 жылға дейінгі инвестициялық портфелі жалпы құны 7 триллион теңгені құрайтын 186 жобадан тұрады. Оны іске асыру 36 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

Жаңа өндіріс орындарын құруға, шикізатты қайта өңдеуге, минерал-шикізат базасын нығайтуға, сондай-ақ, отандық және шетелдік инвесторларды тартуға ерекше назар аударылып отыр. Бұдан бөлек, Президентке агроөнеркәсіп кешені мен тұрғын үй құрылысын ілгерілету, әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары жөнінде баяндалды.

Соңғы үш жылда Қарағанды облысында ауылдарға арналған 92 денсаулық сақтау нысаны мен 13 мектеп салынып, білім беру мекемелерін жаңарту жұмыстары жалғасып жатыр. Спорт, мәдениет, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бағыттарындағы жобалар қолға алынды. «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында елдімекендер абаттандырылып, жаңа қоғамдық кеңістіктер мен экосаябақтар бой көтеруде. Болжамға сәйкес, жыл қорытындысы бойынша облыс экономикасы 4 пайызға өседі.

Өнеркәсіп әлеуетін кеңейту, инвестициялық жобаларды іске асыру және халықтың өмір сүру сапасын арттыру арқылы өңірді одан әрі өркендету жұмыстары жалғаса береді.

Бұдан кейін Президент кәсіпорын жұмысшыларымен емен-жарқын әңгіме өрбітті. Жаңа құю-илемдеу кешенінің құрылысы басталуына орай орнатылған ескерткіш тақтаға қол қойды.


Суреттер Akorda.kz



Тастан табыс табады

Облыстың өнеркәсіп картасында тағы бір ірі өндіріс орны пайда болды. Saran индустриялық аймағында құны 67 миллиард теңгені құрайтын тас мақта зауыты іске қосылды. Жылына 1,2 миллион текше метрге дейін жылу оқшаулағыш материал өндіруге қуаты жететін кәсіпорын құрылыс саласының импортқа тәуелділігін азайтып, отандық өнімнің үлесін арттыруға мүмкіндік бермек. Жаңа өндірісте 186 тұрақты жұмыс орны ашылады. Ал, оған қызмет көрсететін және сервистік ұйымдарда тағы 1,5 мыңға жуық адамды жұмыспен қамту көзделген.





Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өнеркәсіптің өрісін кеңейтіп, экономиканың өңдеуші секторын дамытуда мұндай жобалардың маңызы айрықша. Өйткені, жаңа зауыттың іске қосылуы бір ғана өндіріс орнының ашылуымен шектелмейді. Оның артында отандық құрылыс индустриясын қажетті материалмен қамтамасыз ету, жергілікті шикізатты тиімді пайдалану, жаңа жұмыс орындарын құру және өңірдің инвестициялық әлеуетін арттыру міндеттері тұр. Әсіресе, елімізде ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру жоспарланып отырған кезеңде құрылыс материалдарын өзімізде өндірудің экономикалық мәні арта түседі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауында жариялаған «Халықтық құрылыс» бағдарламасы осы бағыттағы жұмыстарға жаңа серпін бермек. Ел тарихындағы ең ірі инфрақұрылымдық бастамалардың бірі саналатын бағдарлама аясында тұрғын үйлермен қатар, әлеуметтік нысандар, жолдар, инженерлік желілер және коммуналдық инфрақұрылым салынып, жаңғыртылады. Демек, Сарандағы жаңа кәсіпорынның іске қосылуы ел экономикасындағы осы маңызды кезеңмен тұспа-тұс келіп отыр.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев зауыттың ашылуында жаңа өндірістің өңір экономикасы үшін стратегиялық маңызына тоқталды.

– Бұл – өңір үшін стратегиялық маңызы бар өндіріс орны. Бұл бастама құрылыс саласына тың серпін беріп, отандық материалдарға сұранысты арттырады. Тас мақта – қазіргі құрылыста кеңінен қолданылатын, сұранысқа ие жылу оқшаулағыш материал. Ең бастысы, оның сапасы жоғары әрі бәсекеге қабілетті болуы керек. Жаңа зауыт өңір экономикасының дамуына елеулі үлес қосады деп сенемін, – деді аймақ басшысы.

Жобаның тағы бір ерекшелігі – оған жұмсалған 67 миллиард теңгенің толығымен жеке инвестиция есебінен қаржыландырылуы. Бұл ірі өндірістік бастамаларды жүзеге асыруда жеке капиталдың рөлі артып келе жатқанын көрсетеді. Қомақты қаржы заманауи өндірістік кешен құруға бағытталған. Кәсіпорын еуропалық технологиялық жабдықтармен жарақтандырылған.

Өндірістің негізгі өнімі – тас мақта. Атауы қарапайым болғанымен, бұл – бүгінгі құрылыс индустриясында кеңінен қолданылатын жылу оқшаулағыш материалдардың бірі. Ол базальт пен жанартаулық текті өзге де тау жыныстарынан өндіріледі. Табиғи шикізаттың арнайы технологиялық өңдеуден өтуі нәтижесінде жылуды нашар өткізетін талшықты материал алынады.

Тас мақтаның қолданылу аясы да кең. Ол көпқабатты тұрғын үйлердің қабырғаларын, шатырлары мен едендерін жылу оқшаулауға, қоғамдық ғимараттар мен өнеркәсіптік нысандардың энергия тиімділігін арттыруға пайдаланылады.

«Karaganda Insulation» ЖШС бас директорының орынбасары Данияр Мұхамеджанов жаңа өнімнің ерекшеліктерін түсіндірді.

– Тас мақта шатырларды, ғимараттардың қасбеттері мен едендерін, ішкі қабырғалар мен қалқаларды жылу оқшаулауға, сондай-ақ, сэндвич-панельдер өндіруге пайдаланылады. Жылу өткізгіштігінің төмендігі ғимараттардың жылуын сақтауға, энергия тиімділігін арттыруға және ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік береді, – деді ол.

Жаңа кәсіпорынның өңір үшін тағы бір маңызды тұсы – өндірісте жергілікті шикізаттың пайдаланылуы. Атап айтқанда, тас мақта жасауға қажетті тау жыныстарының бір бөлігі Балқаш маңындағы кен орнынан жеткізіледі. Осылайша, өңірдің табиғи ресурстары дайын құрылыс материалына айналып, қосылған құны жоғары өнім өндіруге жұмсалмақ.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

АЙТЫЛДЫ – ОРЫНДАЛДЫ

Нысанада – негізгі бағыттар

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ 2026

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында көтерілген міндеттер еліміздің дамуында ғылымның, сапалы білімнің және заманауи технологиялардың маңызы арта түскенін көрсетеді. Бүгінде мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі ғылыми әлеуетімен, кәсіби мамандар даярлау сапасымен және жаңа технологияларды тиімді пайдалану мүмкіндігімен тығыз байланысты.



Қазіргі кезеңде университеттердің міндеті тек білім берумен шектелмейді. Жоғары оқу орындары ғылыми жаңалықтардың қалыптасуына, инновациялық бастамалардың дамуына және олардың нақты өмірде қолданылуына ықпал етуі қажет. Ғылыми зерттеулердің нәтижесін өндіріспен ұштастыру, жас ғалымдарды қолдау және білім мен ғылымның байланысын нығайту – елдің зияткерлік әлеуетін арттырудың маңызды шарттары.

Жасанды интеллектінің дамуы жоғары білім беру жүйесіне де жаңа талаптар қойып отыр. Ендігі міндет – цифрлық технологияларды меңгерген, сыни тұрғыдан бағалап, жауапкершілікпен қолдана алатын мамандар даярлау. Жасанды интеллект оқытушының немесе зерттеушінің орнын алмастырмай, олардың мүмкіндіктерін кеңейтуге, ақпаратты талдауға және тың шешімдер табуға көмектесуі керек. Бұл ретте академиялық адалдықты, ақпараттың шынайылығын және дербес деректердің қауіпсіздігін сақтау айрықша маңызды.

Мемлекеттік басқаруды цифрландыру мен артық рәсімдерді қысқарту мәселелері де өзекті. Технологияларды тиімді енгізу басқару сапасын арттырып, уақыт пен ресурсты ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді. Алайда, кез келген цифрлық өзгеріс кәсіби жауапкершілікпен және заң үстемдігі қағидаттарымен қатар жүруге тиіс. Әсіресе, жасанды интеллектіні қолдану жағдайында азаматтардың құқықтарын қорғау, деректер қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қабылданатын шешімдердің жауапкершілігін айқындау маңызды.

Ғылым, білім, жасанды интеллект және құқықтық мәдениет – ел дамуының өзара сабақтас бағыттары. Олардың үйлесімді дамуы қоғамның интеллектуалдық әлеуетін арттырып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Сондықтан, университеттердің басты міндеті – білімді ұрпақ тәрбиелеу, ғылыми ізденісті қолдау және жаңа технологияларды қоғам игілігіне бағыттай алатын мамандар даярлау. Еліміздің болашағы ғылымға сүйенген, білімді бағалайтын және заңды құрметтейтін ұрпақтың қолында.

Мадина УМУРКУЛОВА,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды ұлттық зерттеу
университетінің Басқарма
Төрағасының м.а.
Басқарма мүшесі,
Академиялық мәселелер
бойынша проректор

Сурет Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің баспасөз қызметінен

Қозғалыс қауіпсіз болуы тиіс

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында «Халықтың өмірі мен денсаулығына тікелей әсер ететін тағы бір түйткіл, бұл – жол қауіпсіздігі» деп, жол қозғалысы қауіпсіздігінің маңызын тағы бір мәрте атап өткен болатын. Шынында, жол қауіпсіздігі жүргізушілердің тәртібіне немесе көлік құралдарының техникалық жағдайына ғана байланысты емес. Әсіресе, қыс мезгілінде жол инфрақұрылымының дайындығы, қар мен көктайғаққа қарсы шаралардың уақытылы жүргізілуі, арнайы техниканың әзірлігі мен қажетті материалдар қоры адам өміріне тікелей әсер етеді.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысы үшін бұл мәселенің маңызы ерекше. Аймақтың географиялық ауқымы, республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының ұзындығы және қысқы ауа райының құбылмалы сипаты жол қызметтерінен жүйелі әрі алдын ала жоспарланған жұмысты талап етеді. Осыған байланысты, облыста 2026-2027 жылдардағы қысқы кезеңге дайындық жұмыстары жүргізілуде. Қазір жол инфрақұрылымын, арнайы техниканы және өндірістік базаларды әзірлеу, қажетті материалдар қорын қалыптастыру, қар басу мен көктайғақ қаупі жоғары учаскелерді бақылауға алу бағытында бірқатар шара қолға алынған.

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Қарағанды облыстық филиалының директоры Думан Қалабиевтің айтуынша, қысқы маусымға дайындықтың басты мақсаты – жол қозғалысының үздіксіздігін қамтамасыз етумен қатар, жүргізушілер мен жолаушылардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайлардың да алдын алу.

Облыстағы республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 1 929,9 шақырымды құрайды. Оның ішінде, 574,6 шақырымы ақылы автомобиль жолдарының учаскелеріне тиесілі. Атап айтқанда, «Астана-Теміртау» автомобиль жолының ақылы алу пунктіне дейінгі 72,19 шақырымдық бөлігі және «Қарағанды-Балқаш-Жамбыл облысының шекарасы» бағытының 502,4 шақырымы осы санатқа кіреді. Ал, қалған 1 355,3 шақырым жол мемлекеттік тапсырма аясында күтіп-ұсталады.

Дерекке сүйенсек, облыстың республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын күтіп-ұстауды «ҚАЖсервис» ЖШС Қарағанды облыстық филиалы жүзеге асырады. Кәсіпорын құрылымында 11 жол пайдалану басқармасы, 3 жол пайдалану пункті және 1 орман отырғызу бөлімі бар. Бұл бөлімшелер жолдардың жағдайын бақылау, қысқы күтіп-ұстау жұмыстарын жүргізу, қар тазалау, көктайғаққа қарсы материалдарды себу және басқа да қажетті шараларды орындауға жауапты.

Думан Қалабиевтің мәлімдеуінше, қысқы кезеңдегі жұмыстың нәтижелі болуы, ең алдымен, дайындықтың сапасына байланысты.

– Қысқы күтіп-ұстауда басты міндет – ауа райы күрт нашарлаған кезде жол қызметтерінің жедел әрекет етуіне қажетті жағдайды алдын ала қалыптастыру. Ол үшін арнайы техниканың жарамды болуы, өндірістік базалардың толық әзірлігі және материалдық қордың жеткілікті көлемде жасақталуы маңызды. Қарлы боран немесе көктайғақ басталғаннан кейін дайындық жұмыстарын жүргізуге уақыт жоғалтпауымыз керек, – дейді филиал директоры.

Қысқы жол күтімінің сапасы көбіне арнайы техниканың мүмкіндігіне байланысты.

Қазіргі мәлімет бойынша, «ҚАЖсервис» ЖШС Қарағанды облыстық филиалының қысқы маусымға техника дайындығы 97 пайызды құрайды. Жоспарланған 168 техника бірлігінің 163-і жарамды күйде. Қалған бес техника бойынша дайындық жұмыстарын аяқтау қажеттігі бар.

Ал, жол пайдалану басқармалары мен жол пайдалану пункттерінің өндірістік базалары мен үй-жайларының дайындығы 100 пайызға жеткен. Бұл қысқы кезеңде қызметкерлердің жұмысын ұйымдастыруға, арнайы техниканы орналастыруға, қажетті материалдарды сақтауға және өндірістік процестердің үздіксіз жүруіне мүмкіндік береді.

Филиал директорының пікірінше, техникалық дайындықты материалдық қамтамасыз етумен қатар қарастыру қажет.

– Қысқы кезеңде қар жауғасын жол жабынын тазарту, тайғақтың алдын алу, жолдың қауіпсіз жағдайын сақтау үшін арнайы материалдар үздіксіз қолданылуы керек. Сондықтан, техникамен қатар тұз, химиялық реагенттер, қиыршық тас ұнтағы және басқа да қажетті материалдардың қоры жеткілікті болуы тиіс. Бұл жұмыстардың барлығы бір-бірімен тығыз байланысты, – деп атап өтеді Думан Болатұлы.

Қысқы күтіп-ұстауға қажетті материалдарды әзірлеу жұмыстары да бірнеше бағыт бойынша жүргізілуде.

Мәселен, көктайғаққа қарсы пайдаланылатын тұздың 3 880 тонна көлеміндегі жоспарының 3 788 тоннасы әзірленген. Бұл – 98 пайыз. Химиялық реагенттің 200 тоннасы толығымен дайындалған. Одан бөлек, қысқы кезеңде өндірістік базаларды жылытуға қажетті 3 816 тонна көмірдің жоспарланған көлемі толық қамтамасыз етілген.

Ал, жол жабынын өңдеу кезінде қолданылатын қиыршық тас ұнтағы бойынша жоспар 37 925 текше метрді құраса, нақты дайындалғаны – 30 600 текше метр немесе 81 пайыз. Ағаштан жасалған қар тоқтатқыш қалқандарды дайындау көрсеткіші әзірге 60 пайыз деңгейінде. Жоспарланған 7 990 погон метрдің 4 740 погон метрі дайындалған.

Облыстың қысқы жол күтіміндегі негізгі тәуекелдің бірі – қарлы боран мен қатты желдің салдарынан жолдардың қарға көмілуі. Қар үйінділері мен жолдың жабылуы көлік қозғалысын қиындатып, жүргізушілер мен жолаушылардың өміріне қауіп төндіруі мүмкін.

Бүгінде облыс аумағында қар басуға және қар үйінділері пайда болуына бейім жалпы ұзындығы 447,61 шақырым болатын жол учаскелері анықталған. Сонымен бірге, көктайғақ қаупі жоғары 150,93 шақырым жол бөлігі есепке алынып, тұрақты бақылауға алынған.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Қардың жолға жиналуын азайту мақсатында облыстың қар басуға бейім учаскелерінде жалпы ұзындығы 143 718,3 қума метр тұрақты қар тоқтатқыш қоршаулар орнатылған. Оның ішінде, «Астана-Қабанбай батыр-Нұра-Теміртау» автомобиль жолында 260 қума метр, ал, «Астана-Алматы» тасжолында 143 458,3 қума метр қоршау бар.

Қысқы маусымға дайындық кезінде көбіне қар тазалау техникасы мен көктайғаққа қарсы материалдарға басымдық берілсе де, жол инфрақұрылымының қауіпсіздігіне әсер ететін басқа да элементтер бар. Соның бірі – су өткізу құбырлары.

Жоспар бойынша 473 құбырды жабу көзделсе, қазір оның 159-ы жабылып, жұмыс жоспарының 34 пайызы орындалған.

Бұл бағыттағы жұмыстарды да уақытылы аяқтау маңызды. Өйткені, қысқа дайындық бір ғана көрсеткішпен бағаланбайды. Жолдың жүріс бөлігі, инженерлік құрылыстар, су өткізу жүйелері, жол бойындағы қорғаныс нысандары және арнайы техника – барлығы өзара байланысқан біртұтас инфрақұрылымдық жүйе.

Жалпы, облыстағы республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын 2026-2027 жылдардағы қысқы кезеңге дайындау жұмыстары бірнеше негізгі бағытты қамтиды. Арнайы техниканың әзірлігі, өндірістік базалардың дайындығы, материалдық қорды қалыптастыру, қар басу қаупі бар учаскелерді бақылау, қар тоқтатқыш қоршаулар орнату және су өткізу құбырларын қысқа дайындау – осының барлығы жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Қарағанды облысы бойынша партиялық тізімдерді тіркеу қорытындысы туралы

ХАБАРЛАМА

(2026 жылғы 29 қарашадағы сайлау)

№	Аты-жөні, тегі	Туған жылы	Жұмыс орны, лауазымы	Тұрғылықты жері
«Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы» қоғамдық бірлестігі				
1	Абильдин Ермек Толеуулы	1980	«Ақ жол» ҚДП ҚБ Қарағанды облыстық филиалы, төраға	Қарағанды қ.
2	Нурказов Ойрат Серикович	1981	«Бахус автоорталығы» компаниясы» ЖШС, бас директор	Қарағанды қ.
3	Жетписбайулы Торткол	1992	«Бахус автоорталығы» компаниясы» ЖШС, директор	Қарағанды қ.
4	Кинсфатер Артур Сергеевич	1995	«Ақ жол» ҚДП ҚБ Қарағанды облыстық филиалы, төраға орынбасары	Қарағанды қ.
5	Косшигулова Самал Аманжоловна	1981	Заңды тұлғалар бірлестігі бизнес қауымдастығы Kit (Knowledge interactions Trends), Қарағанды қаласы бойынша филиал директорының міндетін атқарушы	Қарағанды қ.
«Ауыл» партиясы» қоғамдық бірлестігі				
1	Ануарбеков Жакыпбек Жылкыбаевич	1983	«Ауыл» партиясының Қарағанды облыстық филиалы, төраға	Қарағанды қ.
2	Ахметов Саяш Шаухатович	1964	Қарағанды облысы бойынша ШЖҚ РМК «Мемлекеттік жерді зерттеу институты» филиалы, директор	Қарағанды қ.
3	Амирова Арайлым Айдоскызы	1990	«Ауыл» партиясының Қарағанды облыстық филиалы, аппарат басшысы	Шет ауданы
4	Шахарбаев Нурлан Толеутаевич	1969	ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қазгидромет» ШЖҚ РМК Қарағанды және Ұлытау облыстары бойынша филиалы, директор	Қарағанды қ.
5	Ахметов Жаксылык Кайырбекович	1976	«AZK Company» ЖШС, директор	Қарағанды қ.
6	Қайса Айбар Ерболұлы	1998	«Академия строительства» ЖШС, директор	Қарағанды қ.
7	Матышев Мерей Нурболатович	1988	Жеке кәсіпкер	Қарағанды қ.
8	Калимбетов Шадияр Жумабекович	1981	Жеке кәсіпкер	Қарағанды қ.
9	Адекенов Сергазы Мынжасарович	1956	«Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығы, басқарма төрағасы	Қарағанды қ.
10	Халилин Ержан Маманович	1988	Жеке кәсіпкер	Қарағанды қ.
11	Кернебаев Айдын Сапарович	1986	А.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, жетекші ғылыми қызметкер	Қарағанды қ.
12	Шипилова Анастасия Анатольевна	1993	Жеке кәсіпкер	Қарағанды қ.
«Әділет» партиясы» қоғамдық бірлестігі				
1	Алтынбеков Бекзат Комарович	1973	«Әділет» партиясы» ҚБ Қарағанды облыстық филиалы, төраға	Қарағанды қ.
2	Абдигали Саят Зулхлжаулы	1977	«Кеншілер мәдениет сарайы» КМҚК, директоры	Қарағанды қ.
3	Акижанова Гаухар Бериковна	1989	«Батыл жүрек» қоғамдық қоры, құрылтайшысы	Қарағанды қ.
4	Башай Меруеш	1974	Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестік, солист, «Дүниежүзілік қазақтар қауымдастығы» ҚБ Қарағанды облыстық филиалы, жетекші	Қарағанды қ.
5	Жунусов Елдос Бактыбаевич	1994	«Фемида жоғары колледжі» ЖШС, директор	Қарағанды қ.
6	Исмаилов Ербол Амангельдиевич	1976	«Qarmet» АҚ, тұрақты даму жөніндегі басқарушы директоры	Теміртау қ.
7	Киясова Айжан Казимировна	1977	Қарағанды облысының «Аналар кеңесі» ҚБ, төрайымы, облыс әкімінің штаттан тыс кеңесшісі	Қарағанды қ.
8	Куприенко Александр Григорьевич	1980	«Оптимальный» ЖШС, директор	Қарағанды қ.
9	Мақан Аяжан Ералықызы	1995	«Life09» ақпараттық агенттігі, бас редактор	Қарағанды қ.
10	Серғалиұлы Елжан	1983	«Qaragandy Invest» инвестицияларды дамыту орталығы» АҚ, басқарма төрағасы	Қарағанды қ.
11	Шалабаева Зара Хамитовна	1983	«Әділет әлемі» азаматтық одағы» ҚБ, төрайымы; «Әділет» партиясы ҚОФ «Әйелдер қанаты», жетекшісі	Қарағанды қ.
12	Абдрахманов Аманжол Даулетбекович	1994	«Archimedes Medical Group» ЖШС Қарағанды қаласы бойынша филиалы, бас дәрігер	Қарағанды қ.
13	Ан Сергей Валентинович	1967	Дүниежүзілік «Nomad MMA» Федерациясы, негізін қалаушы	Қарағанды қ.
14	Баман Журагат	1988	«Қазақстан» Республикалық телерадиокорпорациясы» АҚ Қарағанды облыстық филиалы, директор	Қарағанды қ.
15	Бариев Эрем Камильевич	1987	«Сурет 2002» ЖШС, директор	Қарағанды қ.
16	Бакиров Саят Шарафиденович	1978	«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС филиалы - «Qaragayly Tau-ken ondirisi», бас директор	Қарағанды қ.
17	Джанаев Увайс Хаважиевич	1967	«Вайнах «Шешен-ингуш этномәдени бірлестігі» ҚБ, басшысы	Қарағанды қ.
18	Елжасов Алтай Аралбаевич	1968	«Шахтинстеплоэнерго» ЖШС, бас директор	Қарағанды қ.
19	Жаутиков Бахыт Ахатович	1963	Қарағанды мемлекеттік индустриялық университеті, ректор	Қарағанды қ.
20	Мунасипов Наиль Эльдусович	1974	«Global City» СҰ, коммерциялық департамент директоры	Қарағанды қ.
21	Несипбаев Омирсерик Бауыржанович	1998	Қарағанды қаласы білім бөлімінің «Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицейі» КММ, мұғалім	Қарағанды қ.
22	Омарханов Нуркелди Зиядаулы	1989	«Қарағанды облысының жұмысшы жастар одағы» ҚБ, төраға	Қарағанды қ.
23	Прокоп Виталий Георгиевич	1976	«Шахтерское» ЖШС, директор орынбасары	Нұра ауданы
24	Сагимбаева Жулдыз Абдипулатовна	1992	«Әділет» партиясы» ҚБ Қарағанды облыстық филиалы, төрағасының орынбасары	Қарағанды қ.
25	Сакенов Данияр Мергалиевич	1984	«ABAI AGRO» ЖШС, бас директор	Қарағанды қ.
26	Хасенов Токтамыс Тлепбекович	1978	«Үстел теннисінен олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі» КММ, жетекшісі	Қарағанды қ.
27	Сармурзин Ербол Жанбырбаевич	1990	«Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті», басқарма мүшесі, стратегиялық даму жөніндегі проректор	Қарағанды қ.
28	Танишпеков Рустам Фаритович	1988	«Танишпеков» жеке кәсіпкер, директор	Қарағанды қ.
29	Тилемисов Дархан Алиевич	1968	«Қарағанды облысының мүгедектігі бар адамдарға арналған облыстық мамандандырылған спорт мектебі» КММ, жаттықтырушы-оқытушы	Қарағанды қ.
30	Токсанбаев Гамаль Саулауович	1975	«Қарағанды қаласының №3 көпсалалы ауруханасы», директор	Қарағанды қ.
31	Хмелевский Виталий Альбертович	1976	«Полония» Қарағанды облыстық поляк қоғамы» ҚБ, төраға; «СПвК» ЖШС, басшы	Қарағанды қ.
32	Ыдрышканова Асель Болатовна	1989	«Шок» ҚБ, басшы	Теміртау қ.
33	Калыков Абай Кобландыевич	1975	Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, басқарма мүшесі, проректор	Қарағанды қ.
34	Скородиевский Иван Иванович	1979	«Halyk Bank» АҚ Қарағанды облыстық филиалы, директор	Қарағанды қ.
35	Мажитов Арафат Азаматович	2001	«Жастар Рухы» жастар қанатының Қарағанды облыстық филиалы, төраға	Қарағанды қ.
36	Каракасиди Константин Юрьевич	1986	СМУ «Прокатстрой» ЖШС, директоры	Қарағанды қ.
37	Амандыков Сабыржан Нуржанович	1993	«Қарағанды облысының грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясы» ҚБ, жетекшісі	Қарағанды қ.
38	Улыкманова Газиза Бериковна	2002	«Жаңа адамдар «жастар қозғалысы» ҚБ, жоба менеджері	Қарағанды қ.
«Байтақ» Қазақстан жасылдар партиясы» қоғамдық бірлестігі				
1	Казитов Сейфул-Малик Туреханович	1977	«Байтақ» Қазақстан жасылдар партиясы» ҚБ Қарағанды облыстық филиалы, төраға	Қарағанды қ.
2	Кудеринов Мурат Тасбулатович	1977	«Наше право.KZ» ЖШС, директор	Қарағанды қ.
3	Досхан Еркеназ Маратқызы	2003	«Ақпараттық талдау орталығы» КММ, бөлім басшысы	Қарағанды қ.
4	Гапонова Татьяна Васильевна	1981	«Қоғамдық келісім» КММ, директордың орынбасары	Қарағанды қ.
«Қазақстан Халық партиясы» қоғамдық бірлестігі				
1	Максутов Калел Мукатаевич	1964	«Қазақстан Халық партиясы» ҚБ Қарағанды облыстық филиалы, төраға	Қарағанды қ.
2	Барменшинова Меруерт Богембаевна	1979	«Қазақстан Халық партиясы» ҚБ Қарағанды облыстық филиалы, әйелдер қанатының басшысы	Қарағанды қ.
3	Сагимбаев Бейбит Жамантаевич	1965	Облыс денсаулық сақтау басқармасының «Қарағанды облыстық ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес орталығы» КМК, басшы	Қарағанды қ.
4	Полтаренко Дмитрий Сергеевич	1978	«Қарағанды облысының Азаматтық Альянсы» заңды тұлғалар бірлестігі» қауымдастығы, президент	Қарағанды қ.
5	Аубакиров Дарын Даниялович	1988	«Қарағанды облысының балаларға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ директоры	Қарағанды қ.
6	Каюмов Дамир Ирекович	1984	«Light Engineering LLP» ЖШС, бас директор	Қарағанды қ.
7	Серікұлы Жан	1988	«KZHS GROUP» ЖШС, бас директор	Қарағанды қ.
8	Елюбаев Ардак Токенович	1967	«Ынта» ШҚ, басшы	Қарқаралы ауданы
9	Жумагалиев Ерасыл Ерболатович	2003	«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ, маркетинг және PR департаментінің маманы	Қарағанды қ.
10	Касымжанова Азиля Кайратовна	1992	«Сауат» білім беру орталығы, негізін қалаушы	Қарағанды қ.
11	Қуаныш Нұртілеу Сайранұлы	2001	Жеке кәсіпкер	Қарағанды қ.
«Respublica» партиясы» қоғамдық бірлестігі				
1	Аубакиров Нурлан Ерикбаевич	1975	«Respublica» партиясы» ҚБ Қарағанды облыстық филиалы, төраға	Қарағанды қ.
2	Алимжанов Арман Жаканович	1989	Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын сәулет және кешенді дамыту жөніндегі сарапшы	Қарағанды қ.
3	Сатеков Ерулан Серикбаевич	1972	«Стоматолог - Люкс» ЖШС, директор	Қарағанды қ.
4	Нашаров Ержан Еркебуланович	1984	«Нур-СХ» ЖШС, коммерциялық директор	Қарағанды қ.
5	Камали Жибек Камалиевна	1962	«Персона» фитнес-клубы, директор	Қарағанды қ.
6	Төлеуханов Мейіржан Бауыржанұлы	1991	«Луч» нейрореабилитациялық орталығы» ЖШС, директордың орынбасары	Қарағанды қ.
7	Андреюк Андрей Андреевич	1989	«РСУ по ремонту дорог» ЖШС, директор	Қарағанды қ.
8	Ибрагимов Алишер Сраилжанович	1981	«КазСтройАльянс» ЖШС, директор	Қарағанды қ.
9	Думанов Нариман Азаматович	1996	«№2 Қарағанды автобус паркі» ЖШС, директоры	Қарағанды қ.
10	Бидайбаева Алмагуль Сериковна	1980	Жеке кәсіпкер	Қарағанды қ.
11	Сәбитов Саид Мейрамұлы	2000	«Respublica» партиясы « ҚБ Қарағанды облыстық филиалы, маман	Қарағанды қ.

Қарағанды облысының аумақтық сайлау комиссиясы

Қарағанды облыстық мәслихатының депутаттығына кандидаттардың тіркелуі туралы

ХАБАРЛАМА

(2026 жылғы 29 қарашадағы сайлау)

№ р/р	Аты-жөні, тегі	Туған жылы	Жұмыс орны, лауазымы	Тұрғылықты жері	Кім ұсынды
№ 1 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1.	Жетписбаев Аблай Нурболатович	1998	«AB Karagandy Construction» ЖШС, директордың жаңа технологияларды енгізу және дамыту жөніндегі орынбасары	Қарағанды қаласы	өзін-өзі ұсыну
2.	Смагулов Асылан Амангельдыевич	2001	«Жастар дауысы» ҚҚ, директор	Қарағанды қаласы	өзін-өзі ұсыну
3.	Упабеков Адиль Есенович	1986	«Qazaq National Product» ЖШС, басқарма мүшесі, GR-директор	Қарағанды қаласы	«Әділет» партиясы
№ 2 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1.	Ахмадин Дидар Айдарович	1987	«Қарағанды Жарық», бас директор	Қарағанды қаласы	«Respublica» партиясы
2.	Манатова Ұлпан Русланқызы	2003	«Қарағанды қаласының Жастар ресурстық орталығы» КММ, жастар жобалары бойынша инспектор	Қарағанды қаласы	өзін-өзі ұсыну
3.	Утугулова Диана Хусайновна	1990	«Қазыбек би атындағы ауданының үйдегі әлеуметтік көмек бөлімшесі» КММ, бөлімше меңгерушісі	Қарағанды қаласы	өзін-өзі ұсыну
№ 3 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1.	Ибраева Сауле Темировна	1965	«Әлихан Бөкейхан ауданының үйдегі әлеуметтік көмек бөлімшесі» КММ, бөлімше меңгерушісі	Қарағанды қаласы	өзін-өзі ұсыну
2.	Кабыкенов Айдар Ерболатулы	1998	Қарағанды қаласының Жастар ресурстық орталығы, ақпараттық жұмыс және мониторинг секторының басшысы	Қарағанды қаласы	өзін-өзі ұсыну
3.	Раков Максим Сергеевич	1986	«МС Сервис Плюс» ЖШС, директор	Қарағанды қаласы	«Әділет» партиясы
№ 4 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1.	Заитов Дамир Каиртаевич	1991	өзін-өзі жұмыспен қамтыған	Қарағанды қаласы	өзін-өзі ұсыну
2.	Курмангалиев Еркин-Дауир Толеуович	1972	Профессор Х.Ж.Мақажанов атындағы көпсалалы аурухана, директор	Қарағанды қаласы	«Әділет» партиясы
3.	Пак Вадим Михайлович	1966	«BS Ingeneering» ЖШС, жобалардың бас инженері	Қарағанды қаласы	өзін-өзі ұсыну
№ 5 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1.	Кошерова Бахыт Нургалиевна	1967	«П.Поспелов атындағы Қарағанды медициналық университеті» КЕАҚ, басқарма төрағасы, ректор	Қарағанды қаласы	«Әділет» партиясы
2.	Курмашева Кызгалдак Бижкеновна	1969	«Қарағанды қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ, директордың орынбасары	Қарағанды қаласы	өзін-өзі ұсыну
3.	Омаров Улан Туларович	1988	«Қарағанды қаласының отбасын қолдау орталығы» КММ, бөлім меңгерушісі	Қарағанды қаласы	өзін-өзі ұсыну

№ 6 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1.	Даримбаева Куралай Зекенқызы	1973	«ORKEN 2018» ЖМ, директор	Қарағанды қаласы	өзін-өзі ұсыну
2.	Карин Абсалям Енбекович	1980	«ASTYK ALEM» ЖШС, директор	Қарағанды қаласы	«Әділет» партиясы
3.	Шегенова Гульмира Каиржановна	1976	«Шахтер» КМҚК, директордың жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары	Қарағанды қаласы	өзін-өзі ұсыну
№ 7 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1.	Абдигали Саяжан Габикызы	1994	«Үйдегі әлеуметтік көмек бөлімшесі» КММ, бөлімше меңгерушісі	Қарағанды қаласы	өзін-өзі ұсыну
2.	Оразбеков Аскар Бегалыулы	1988	«Qaragandy Metallurgiya» zauyti, құрылтайшы	Қарағанды қаласы	«Әділет» партиясы
3.	Самарбаев Алишер Бауыржанович	1996	«SAMARBAEV SHOW» ЖК, жетекшісі	Қарағанды қаласы	өзін-өзі ұсыну
№ 8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1.	Джагипарова Айман Хамитовна	1967	Қарағанды қаласының әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарды қайта әлеуметтендіру орталығы» КММ, директордың әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары	Қарағанды қаласы	өзін-өзі ұсыну
2.	Джолдаспеков Ринат Маратович	1974	АО «Қазақстан темір жолы», ВЧД-13, тасымалдаушы	Қарағанды қаласы	өзін-өзі ұсыну
3.	Ляпунов Андрей Васильевич	1969	«Теплотранзит Қарағанды» ЖШС, бас директор	Қарағанды қаласы	«Әділет» партиясы
№ 9 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1.	Безруков Юрий Алексеевич	1989	«АвтоТехЦентр-Азия» ЖШС, бас механик	Теміртау қаласы	өзін-өзі ұсыну
2.	Вирагх Богдан	1992	«AMINEL» ЖШС, директор	Теміртау қаласы	өзін-өзі ұсыну
3.	Хохлов Максим Александрович	1981	«АльпстройАльянс KZ» ЖШС, директор	Теміртау қаласы	«Әділет» партиясы
№ 10 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1.	Алькеева Айгуль Абдыманаповна	1981	«Теміртау қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ, директор	Қарағанды қаласы	өзін-өзі ұсыну
2.	Анохина Лилия Григорьевна	1997	«Т.Әубәкіров атындағы Гимназия» ЖМ, клиенттермен жұмыс жөніндегі менеджер	Теміртау қаласы	өзін-өзі ұсыну
3.	Нурпеисов Куандык Балтаевич	1968	«Инкар-1» ЖШС, техникалық директор	Теміртау қаласы	«Әділет» партиясы
№ 11 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1.	Павлик Валентина Васильевна	1994	«Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығы» КМҚК, әдіскер	Теміртау қаласы	өзін-өзі ұсыну
2.	Шигабутдинова Наталья Ивановна	1976	«Балдырған» арнайы балабақшасы» КММ, директор	Теміртау қаласы	өзін-өзі ұсыну
3.	Шим Дмитрий Валериевич	1986	«Қазақтың көпсайысты таэквондо федерациясы» РҚБ, басшы	Теміртау қаласы	«Әділет» партиясы
№ 12 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1.	Кобжанов Нуркен Сайфиддинович	1967	«Қарағанды облысының ұлттық спорт түрлері қауымдастығы», төрағасы; Қарағанды облысы бойынша «Қазақстан Бочча федерациясы» ҚБ, басшысы.	Қарағанды қаласы	«Әділет» партиясы
2.	Сыздыков Чингис Канышевич	1984	«Осакаров аудандық мәслихатының аппараты» ММ, бас маман	Осакаров ауданы, Осакаровка кенті	өзін-өзі ұсыну
3.	Юнгенштейн Татьяна Николаевна	1980	«Ыбырай Алтынсарин атындағы Тірек мектебі (ресурстық орталығы)» КММ, директор	Нұра ауданы, Нұра кенті	өзін-өзі ұсыну
№ 13 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1.	Буслаев Евгений Михайлович	1973	«Қорғаукөміршілер кәсіподағы» ҚБ, төраға	Шахтинск қ.	«Әділет» партиясы
2.	Жунусов Анарбек Ахметович	1964	«Барс» КМҚК филиалы, жетекшісі	Шахтинск қ.	өзін-өзі ұсыну
3.	Рахимов Мухтар Кажымханович	1986	«Шахтинстеплоэнерго» ЖШС, атқарушы директор	Шахтинск қ.	өзін-өзі ұсыну
№ 14 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1.	Жабяк Игорь Васильевич	1963	«Шанс» ШҚ, басшы	Абай ауданы, Көксу а.	«Әділет» партиясы
2.	Хабибрахманова Маргарита Ришатовна	1983	«Абай ауданының отбасын қолдау орталығы» КММ, директор	Абай ауданы, Абай қ.	өзін-өзі ұсыну
3.	Цай Айгуль Анатольевна	1966	«Еркетай» бөбекжай-бақшасы» КМҚК, директор	Абай ауданы, Абай қ.	өзін-өзі ұсыну
№ 15 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1.	Алескеров Владимир Владимирович	1990	«A.V.Group» ЖШС, директор	Саран қ.	«Әділет» партиясы
2.	Коробова Елена Александровна	1973	«A.V.Group» ЖШС, кадрлар бөлімінің инспекторы	Саран қ.	өзін-өзі ұсыну
3.	Усенов Азамат Джанович	1991	«ОРАЛ «Мейірім» ҚБ, филиал директорының орынбасары	Қарағанды қаласы	өзін-өзі ұсыну
№ 16 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1.	Елибаев Ардак Кенесович	1993	Бұқар жырау ауданы Көкпекті ауылының ауылдық клубы, директор	Бұқар жырау ауданы, Көкпекті ауылы	өзін-өзі ұсыну
2.	Жумкенова Гулайым Кабдуалиевна	1977	«Бұқар жырау ауданының Орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ, жетекшісі	Бұқар жырау ауданы, Ботақара кенті	өзін-өзі ұсыну
3.	Құсайын Ерлан Бейсембайұлы	1976	«Бұқар жырау ауданы әкімінің аппараты» ММ, әкім	Қарағанды қаласы	«Әділет» партиясы
№ 17 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1.	Байгабелов Жанибек Алтынбекович	1984	«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, операциялық директор, «Kazakhmys Smelting» ЖШС, бас директор	Балқаш қаласы	«Respublica» партиясы
2.	Никуличев Юрий Игоревич	1984	«Kazakhmys Smelting» ЖШС, жобалау орталығының бастығы	Балқаш қаласы	өзін-өзі ұсыну
3.	Нурмаганбетов Максат Кранович	1983	«Балқаш Жылу» ЖШС, директор	Балқаш қаласы	өзін-өзі ұсыну
№ 18 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1.	Абдыханов Еркинбек Аманбекович	1971	«Сарыарқа» ӘКК» АҚ Басқармасы, төрағаның орынбасары	Қарағанды қаласы	«Әділет» партиясы
2.	Кокшолаков Мажит Сабитович	1990	«Көкшолақ» ШҚ, жетекшісі	Шет ауданы, Ақшоқы ауылы	өзін-өзі ұсыну
3.	Қасымхан Мирас Нұрғазыұлы	1990	«Ақтоғай орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі шаруашылық» КММ, директор	Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы	өзін-өзі ұсыну

Қарағанды облысының аумақтық сайлау комиссиясы

Қарағанды қалалық мәслихатының депутаттығына кандидаттарды тіркеу туралы

АҚПАРАТ

Аты-жөні, тегі	Туған жылы	Жұмыс орны, лауазымы	Тұрғылықты жері	Кім ұсынды
№ 3 бірмандаттық аумақтық сайлау округі				
Садыканов Жанибек Махмутович	1977	«Қазақстан» РТРК» АҚ Қарағанды облыстық филиалы, директордың орынбасары.	Қарағанды қ.	«Respublica» партиясы

№ 5 бірмандаттық аумақтық сайлау округі				
Петренко Владимир Олегович	1991	«Петренко В.О.» ЖК, техникалық басқарушы	Қарағанды қ.	«Қазақстанның «Ақ Жол» Демократиялық партиясы»
№ 27 бірмандаттық аумақтық сайлау округі				
Аубакиров Толеу Сабыржанович	1981	ЖШС «ATgroup» компаниясы, басшысы	Қарағанды қ.	«Respublica» партиясы

Қарағанды қаласының аумақтық сайлау комиссиясы

Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының депутаттығына кандидаттарды тіркеу қорытындылары туралы

АҚПАРАТ

(2026 жылғы 29 қарашадағы сайлау)

№ р/р	Аты-жөні, тегі	Туған жылы	Жұмыс орны, лауазымы	Тұрғылықты жері	кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну тәртібімен
№ 1 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
1	Варзаев Алексей Сергеевич	1989	«Шахтинск қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ, психолог	Шахтинск қаласы	өзін-өзі ұсыну
2	Кошанов Галымжан Дулатович	1989	«Әділет» партиясының Шахтинск қалалық филиалы, партия консультанты	Шахтинск қаласы	«Әділет» партиясы
3	Матюхина Любовь Николаевна	1975	«Матюхин» ЖК, есепші	Шахтинск қаласы	«Қазақстан халықтық партиясы» ҚБ
№ 2 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
4	Болтиков Иван Юрьевич	1991	«VIVA» автобазасы ЖК, кәсіпкер	Шахтинск қаласы	өзін-өзі ұсыну
5	Ткаченко Павел Владимирович	1994	«Шахтинстеплоэнерго» ЖШС, ӨТБ бастығы	Шахтинск қаласы	өзін-өзі ұсыну
6	Омарбеков Алмас Каркенович	1971	«Әділет» партиясының Шахтинск қалалық филиалы, төраға	Шахтинск қаласы	«Әділет» партиясы
№ 3 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
7	Ержуманов Зару Хамитович	1990	жұмыссыз	Шахтинск қаласы	өзін-өзі ұсыну
8	Хабыл Нурбол	1990	Шахтинск қаласының БЖСМ, жаттықтырушы	Шахтинск қаласы	«Әділет» партиясы
9	Манапов Рустем Талгатович	1990	«Қарағанды облысы бойынша еңбек ұтқырлығы орталығы» КММ, Мансап орталығының директоры	Шахтинск қаласы	«Ауыл» ХДПП
№ 4 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
10	Майборода Елена Сергеевна	1995	«Шахтинск қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ, сектор меңгерушісі	Шахтинск қаласы	өзін-өзі ұсыну
11	Аршкенов Рустам Сайрамович	1981	«№7 ЖББМ» КММ, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі	Шахтинск қаласы	«Әділет» партиясы
12	Шакенов Тимур Турсунович	1986	Ясмин» ЖК, заңгер	Шахтинск қаласы	«Ақ жол» ДП
	№ 5 бірмандаттық аумақтық сайлау округі				
13	Маденов Саламат Жалилович	1991	«Karaganda Komir» ЖШС Қазақстан шахтасы, өткінші	Шахтинск қаласы	өзін-өзі ұсыну
14	Мустафин Радик Дилшатович	1982	«Мұстафин» ЖК, кәсіпкер	Шахтинск қаласы	өзін-өзі ұсыну
15	Илимесова Айсулу Толегенкызы	1996	«Салтанат» бөбекжайы КМҚК, спорт нұсқаушысы	Шахтинск қаласы	өзін-өзі ұсыну
16	Миннуллин Рустам Гарафутдинович	1983	«Karaganda Komir» ЖШС Қазақстанская» шахтасы, бас механигі	Шахтинск қаласы	«Әділет» партиясы
№ 6 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
17	Голубцова Вера Сергеевна	1983	«Снегурочка» бөбекжайы КМҚК, директоры	Шахтинск қаласы	өзін-өзі ұсыну
18	Супрунюк Александра Александровна	1989	«Шахтинск қаласының білім бөлімі» ММ, экономист	Шахтинск қаласы	өзін-өзі ұсыну
19	Тоханов Мақсат Жұмабайұлы	1992	«Qarmet Machinery» ЖШС №2 Өндіріс, НОММ зауыты, көлік-шаруашылық учаскесінің бастығы	Шахтинск қаласы	«Әділет» партиясы
№ 7 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
20	Сагинтай Айдос Сагындыкулы	1995	«Karaganda Komir» ЖШС Қазақстан шахтасы, ЖӨБ жер асты стволшысы	Шахтинск қаласы, Долинка кенті	өзін-өзі ұсыну
21	Асильбекова Гулизат Женисбековна	1994	«Қарағанды облысы бойынша еңбек ұтқырлығы орталығы» КММ, Мансап орталығы, маман	Шахтинск қаласы	өзін-өзі ұсыну
22	Тилеубек Аманжол	1986	Олимпиада резервінің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі, жаттықтырушы	Шахтинск қаласы	«Әділет» партиясы
№ 8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
23	Калкабаев Сануар Амангельдиевич	1993	Ленин атындағы шахта, ӨЖП учаскесі бастығының орынбасары	Шахтинск қаласы	өзін-өзі ұсыну
24	Абылкадирова Куралай Нигметовна	1984	«Шахтинсктеплоэнерго» ЖШС, бас есепші	Шахтинск қаласы	өзін-өзі ұсыну
25	Аккулова Манат Жумабековна	1972	«Әлихан Бөкейханов атындағы мектеп-лицейі» КММ, директоры	Шахтинск қаласы	«Әділет» партиясы
№ 9 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
26	Мырзашов Ержан Озат улы	2000	«Шахтинск қаласының ТҮКШ, ЖК және АД бөлімі» ММ, әдіскер	Шахтинск қаласы	өзін-өзі ұсыну
27	Мусабаев Бакытжан Ерболатович	1990	«Шахтинсктеплоэнерго» ЖШС, инженер	Шахтинск қаласы	өзін-өзі ұсыну
28	Иванов Павел Викторович	1984	«Шахтинская» шахтасы директоры	Шахтинск қаласы	«Әділет» партиясы
№ 10 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
29	Кудайберген Дидар Елдосұлы	2002	А.Бөкейханов атындағы лицей, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі	Шахтинск қаласы	өзін-өзі ұсыну
30	Абдикеев Дархан Сейтбатталович	1991	«Qarmet Machinery» ЖШС, учаске бастығы	Шахтинск қаласы	өзін-өзі ұсыну
31	Сейдуәлі Абылай Сейдуәліұлы	1991	«Шахтинсктеплоэнерго» ЖШС, техникалық директор	Шахтинск қаласы	«Әділет» партиясы
№ 11 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
32	Омельницкий Олег Николаевич	1966	«Морозыч» ЖШС, директоры	Шахтинск қала-сы, Долинка кенті	«Ауыл» ХДПП
33	Хурматулин Владимир Юрьевич	1969	«Хурматулин» ЖК, кәсіпкер	Шахтинск қаласы	«Әділет» партиясы
34	Сагадиева Сайра Сабитовна	1982	«Шахтинск қаласының білім бөлімі» ММ, әдіскер	Шахтинск қаласы	өзін-өзі ұсыну
№ 12 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
35	Баспаков Ералы Егинбаевич	1975	«Тархан секьюрити» ЖШС, күзет бастығы	Шахтинск қаласы	өзін-өзі ұсыну
36	Константинова Ольга Владимировна	1987	«Шахтинск қаласының мемлекеттік архиві» КММ, бас бухгалтер	Шахтинск қаласы	өзін-өзі ұсыну
37	Тусупов Арман Саткенович	1973	«Долинка кенті әкімінің аппараты» ММ, әкім	Шахтинск қаласы	«Әділет» партиясы
№ 13 бірмандаттық аумақтық сайлау округі					
38	Жунусов Анарбек Ахметович	1964	«Барс» КМҚК филиалы, басшы	Шахтинск қаласы	өзін-өзі ұсыну
39	Буслаев Евгений Михайлович	1973	«Қорғау» көміршілер кәсіподағы ҚБ, төраға	Шахтинск қаласы	«Әділет» партиясы
40	Рахимов Мухтар Кажымханович	1986	«Шахтинсктеплоэнерго» ЖШС, атқарушы директор	Шахтинск қаласы	өзін-өзі ұсыну

Шахтинск қаласының аумақтық сайлау комиссиясы

Ұлттық мұра – аманат

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрі, қолөнері, ұлттық ойындары мен төл өнері – ұлттың рухани болмысын айқындайтын баға жетпес қазына. Оны сақтау, заман талабына сай жаңғырту және кейінгі буынға жеткізу – бүгінгі қоғам алдындағы маңызды міндеттің бірі. Осы бағытта Қарағандыда өңірлер арасындағы тәжірибе алмасуға арналған семинар өтті.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Облыстың тарихи-өлкетану музейінде ЮНЕСКО-ның Техникалық гранты аясында материалдық емес мәдени мұра элементтерін жергілікті деңгейде түгендеу, сақтау және дамыту мәселелеріне арналған басқосу ұйымдастырылды. Оған Қарағанды, Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының делегациялары, мәдениет саласының өкілдері, сарапшылар мен мамандар қатысты.

Семинардың негізгі мақсаты – ұлттық мұраны қорғау бағытындағы өзекті мәселелерді талқылап, өңірлердің тәжірибесін ортаға салу. Жиында ЮНЕСКО-ның 2003 жылғы Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенциясын жүзеге асыру, мұра иелері мен олардың қауымдастықтарын анықтау, дәстүрлі өнер түрлерін құжаттандыру мәселелері сөз болды.

Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиясы жанындағы Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі ұлттық комитет төрағасының орынбасары Рустам Музафаровтың айтуынша, Қазақстанда бұл бағыттағы жұмыстар 2024 жылдан бастап ЮНЕСКО-ның техникалық гранты аясында жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

– 2024 жылы Қазақстан Үкіметі ЮНЕСКО-ға материалдық емес мәдени мұраны анықтау және сақтау бағдарламасына техникалық көмек көрсету жөнінде ұсыныс жасады. Соның нәтижесінде 2025 жылдан бастап, арнайы грант іске қосылды. Бағдарлама аясында Атырау, Шығыс Қазақстан, Жетісу, Қарағанды және Қызылорда облыстары пилоттық өңірлер ретінде таңдалды. Бұл аймақтарда материалдық емес мәдени мұра иелерін, олардың қауымдастықтарын анықтау және жойылып кету қаупі бар дәстүрлі өнер түрлерін зерттеу жұмыстары жүргізілуде, – деді ол.

Сарапшының сөзінше, зерттеу барысында ерекше назар аударуды қажет ететін екі бағыт анықталған. Олар – қазақтың кілем тоқу және киіз үй жасау өнері. Себебі, осы кәсіптің қыр-сырын меңгерген шеберлер қатары сиреп, дәстүрлі әдіс-тәсілдерді кейінгі ұрпаққа жеткізу мәселесі өзекті болып отыр.

– Бұл өнер түрлерін сақтап қалу үшін олардың иелерін анықтап қана қоймай, жинақталған тәжірибені құжаттап, кейінгі буынға жеткізу қажет. Ал, терме мен айтыс секілді өнер түрлері шығармашылық өмірін жалғастырып келеді. Әр мұра элементінің қазіргі жағдайына қарай жеке тәсіл қолдану маңызды, – деді Рустам Музафаров.

Бес пилоттық өңірде басталған жұмыс алдағы уақытта Қазақстанның барлық 17 өңіріне таратылады. Осы ретте Қарағандыда өткен семинарға көршілес Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының өкілдері қатысып, өңірлік тәжірибемен таныстық.

Өңірде осы бағыттағы жұмыстарды үйлестіру үшін арнайы жұмыс тобы құрылған. Оның міндетіне мәдени мұра элементтерін зерделеу, шеберлер мен орындаушыларды анықтау, олардың тәжірибесін жүйелеу және Ұлттық тізімге енгізуге ұсынылатын материалдарды әзірлеу кіреді. Құжаттандыру жұмыстары ЮНЕСКО-ның 2003 жылғы конвенциясының қағидаттарына сәйкес жүргізіледі. Арнайы формулярлар, келісім парақтары және бейнежазбалар арқылы мұра иелері туралы мәліметтер жинақталады. Онда адамның кәсіби тәжірибесі, қандай дәстүрді меңгергені, оны кімнен және қалай үйренгені, кейінгі ұрпаққа жеткізу жолдары қамтылады.

– Қарағанды облысында материалдық емес мәдени мұраның 27 элементі тіркелген. Оның 10-ы Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдени мұрасының Ұлттық тізіміне енгізілген. Олардың қатарында айтыс, киіз үй, қазақ күресі, Наурыз дәстүрі, асық ату, тоғызқұмалақ, «Ортеке» өнері, құсбегілік, күй тарту және шелпек пісіру дәстүрлері бар. Ұлттық тізімге енгізу үшін тағы 17 элемент ұсынылған. Олардың қатарында кесте тігу, өрмек тоқу, киіз басу, тымақ тігу, ағаш өңдеу, ою-өрнек өнері, терме айту, тазы өсіру, дәстүрлі садақ ату, жекпе-жек, бәйге, көкпар, аударыспақ, теңге ілу, жамбы ату және ат баптау дәстүрлері бар. Өңірде дәстүрлі өнерді жаңғыртуға бағытталған бастамалар да аз емес. Соның бірі – ұлттық музыкалық және қуыршақ өнерінің ерекшеліктерін біріктіретін «Ортеке» жобасы. Оның аясында дәстүрлі орындаушылық тәсілдерді зерттеу, шеберлер тәжірибесін сақтау, жастарды үйрету және өнерді заманауи мәдени кеңістікте таныту көзделген. Қарағандыда өткен «Ортеке» республикалық этнофестивалі де осы бағыттағы жұмыстардың біріне айналды. Айтыс, жыршылық және терме өнерін дамытуға да ерекше көңіл бөлінген. Қазіргі таңда облыста 17 айтыскер және 6 жыршы-термеші бар. Жастардың дәстүрлі сөз өнеріне қызығушылығын арттыру мақсатында 10-35 жас аралығындағы азаматтарды қамтитын арнайы мектеп жұмыс істейді. Бүгінде онда шамамен 30 оқушы айтыс, жыршылық-жыраулық және термешілік дәстүрді меңгеріп жүр, – деді облыстың мәдениет пен өнерді дамыту орталығының басшысы Сержан Мұсайын.

Ұлттық спорт түрлері де мәдени мұраның маңызды бөлігі саналады. Облыста осы бағытта түрлі жарыстар мен фестивальдер ұйымдастырылып келеді. Мәселен, 2026 жылғы 5-6 маусымда Қарқаралы қаласында өткен «BaiQymyz – Қарқаралы» этно-гастрофестивалі аясында аламан бәйге, көкпар, аударыспақ, жамбы ату, дәстүрлі садақ ату, теңге ілу, тоғызқұмалақ, асық ату және бес асықтан жарыстар өткізілді. Ал, 2025 жылы облыс спортшылары ұлттық спорт түрлері бойынша 51 республикалық және халықаралық жарысқа қатысып, 105 медаль жеңіп алған. Оның ішінде, 20 алтын, 29 күміс және 56 қола медаль бар.

ТАРИХИ МҰРА

Материалдық емес мәдени мұраны сақтау жұмыстары тек зерттеу және тіркеумен шектелмейді. Бұл іске жергілікті мәдениет ұйымдары мен мамандарды тарту да маңызды. Осы мақсатта мәдениет саласының қызметкерлеріне, музей мамандарына, қолөнершілерге және клубтық ұйымдардың әдіскерлеріне арналған оқыту семинарлары өткізіліп келеді. 2025 жылғы қазанда өңірдің материалдық емес мәдени мұрасын сақтау және дамыту мәселелеріне арналған семинар ұйымдастырылды. Сол жылдың қарашасында қалалар мен аудандардың мәдениет қызметкерлері қатысқан «Руханият – рухтың байрағы» атты облыстық семинар-марафон өтті. Биыл 27 сәуірде клубтық ұйымдардың әдіскерлеріне арналған семинар-практикум өткізіліп, қатысушылар мұра элементтерін анықтау, құжаттандыру және ұлттық әрі халықаралық тізімдерге енгізу тәртібімен танысты. Мұндай шаралар жергілікті мамандардың тәжірибесін жетілдіріп, мұра иелерімен жұмыс істеудің ортақ тәсілін қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, жергілікті мәдениет үйлерінің рөлін күшейту көзделіп отыр. Олар мұра иелері, зерттеушілер, мәдениет мамандары мен дәстүрді үйренуге ниетті жастар бас қосатын қауымдастық орталықтарына айналуы тиіс.

Семинардың екінші күні Қарағанды қаласындағы Қазақстан халқы Ассамблеясының Достық үйінде қолөнершілер көрмесі ұйымдастырылды. Сонымен қатар, қатысушылар «Қайрат» спорт мектебіне барды.

Ұлттық мұра – өткеннің естелігі ғана емес, ұрпақтар арасындағы рухани байланысты жалғайтын алтын көпір. Оны сақтау үшін дәстүрді дәріптеу аз, сол өнердің иелеріне қолдау көрсетіп, олардың білімі мен тәжірибесін кейінгі буынға үйрету қажет. Ұлттық құндылықтың өміршеңдігі оның халық жадында ғана емес, күнделікті тіршілікте жалғасын табуымен өлшенеді.

Сурет автордан

• ФОРУМ

Жастың жалынын үрлеген

Бұқар жырау ауданына қарасты Үштөбе ауылдық округінің Мәдениет үйінде Республика күні қарсаңында «Ел ертеңі – еңселі жастар» атты ауыл жастарының форумы өтті. Тағылымды іс-шараға Үштөбе ауылының талантты һәм талапты жастары қатысты. Есімі Алаш жұртына әйгі болып келе жатқан дарынды күйші, Тәттімбет атындағы өнер колледжінің ұстазы Мадияр Сүлейменов, өңірге белгілі спортшы, «Атилла» спорт клубының негізін қалаушы, жаттықтырушысы, ережесіз жекпе-жектен әлемнің екі дүркін чемпионы, Нұрсейіт Құдайберген және ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Ерік Нарын спикер болды.

Форумның алғысөзінде Мәдениет үйінің директоры Мырзабек Болысбаев жастар форумының мәні мен маңызына тоқталды.

– Елімізде жастарды қамтыған әр іс-шара маңызды. Әсіресе, ауыл жастарын қамтыған осындай форумдардың берері мол. Өйткені, ауылда талантты жастар өте көп. Солардың көзіндегі шоқты үрлеу, талаптандыру, қанаттандыру, бастамаларына қолдау көрсету – аға буын алдындағы басты міндеттердің бірі. Бүгінгі форумның негізгі миссиясы – осы. Үштөбеде спортта, өнерде және кәсіпте жетістікке жетіп жүрген жастар баршылық. Ерекше ықыласпен ұйымдастырылған бұл форумда айтылған ойлар, жалынды сөздер талай жастың жігерін жаниды деп сенеміз, – деді Мырзабек Болысбаев.

Талантты күйші Мадияр Сүлейменов ауыл жастарына қазақ күй өнерінің тарихы төңірегінде дәріс оқыды. Арқа күй өнерінің ерекшеліктеріне тоқталды. Арқадағы дәулескер күйшілердің ғұмыры мен шығармашылығын да қамтыды. Ерік Нарын елдіктің, егемендіктің қадір-қасиеті мен ұрпақтар сабақтастығы туралы ой толғады.

Ал, Нұрсейіт Құдайберген жастарға тұлға болып қалыптасу жолында еңбек етудің, алдыға мақсат қоюдың маңызы туралы айтты.

– «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деп өкінеді хәкім Абай. Адам белгілі бір жастан асқан соң жастық шағында нендей іс атқарғанын міндетті түрде ойлайды. Мектепті, университетті үздік оқып, әке-шешенің үмітін ақтау – перзенттік борышың. Мамандығыңды игер, қыр-сырын біл, сосын елің үшін адал қызмет ет. Денсаулығың, бойдағы қарым-қабілетің – Жаратқаннан берілген ең қымбат тарту. Соның қадірін біліңіздер, бағалаңыздар, өздеріңіз дамытыңыздар, – деді Нұрсейіт Құдайберген.

Форумды Мадияр Сүлейменов күмбірлеген күймен түйіндеді.

Өз тілшімізден

• ЖОБА

Ғылым тілі қазақша сөйлегенде...

Тілдің өміршеңдігі оның ғылымда, өндірісте және технология саласында еркін қолданылуымен өлшенеді. Жаңа терминдерді қазақша қалыптастыру мен салалық атауларды біріздендіру бүгінгі күннің маңызды міндетіне айналып отыр. Осы бағыттағы жұмыстар «Сөзжасам» жобасының қорытынды дөңгелек үстелінде сараланды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Жиын қазақ тілінің ғылыми-технологиялық, инженерлік-инновациялық әлеуетін дамытуға арналды. Кездесуге тіл білімі, жоғары білім беру, техникалық және өндірістік салалардың өкілдері қатысты.

Жобаның негізгі мақсаты – қазақ тілінің ғылыми-технологиялық, инженерлік-инновациялық әлеуетін дамыту, өнеркәсіп саласындағы терминдерді біріздендіру, аудармасы табылмаған сөздердің қазақша сауатты баламасын қалыптастыру. Қазақ тілінің лингвистикалық әлеуетін дамытып, оның қоғамдық және кәсіби ортадағы қолданыс аясын кеңейту көзделген. Дөңгелек үстел барысында терминологияны дамыту мәселесі бірнеше бағыт бойынша талқыланды.

– Қазақ тіліндегі ғылыми-техникалық терминологияны дамыту – бір күнде шешілетін мәселе емес, үздіксіз ізденіс пен жүйелі жұмысты қажет ететін күрделі үдеріс. Қазіргі таңда Республикалық терминология комиссиясының мәліметінше, ғылым мен білімнің түрлі саласында әлі де аударылмаған 360-400 мыңға жуық термин бар. Бұл бағыттағы жұмысты жеделдету үшін жыл сайын кемінде 2 мың терминді қазақша қалыптастыру міндеті қойылған. Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектінің қарқынды дамуын ескерсек, бұл көрсеткіштің өзі жеткіліксіз болуы мүмкін. Меніңше, термин жасаудағы басты мәселенің бірі – тіл мамандары мен салалық сарапшылар арасындағы байланысты күшейту. Белгілі бір саланың терминін сол бағыттың мамандарының қатысуынсыз аудару оның бастапқы мағынасын бұрмалауы мүмкін. Мәселен, өндіріс, медицина, техника немесе музыка саласындағы ұғымдардың өзіндік ерекшелігі бар. Терминдерді қалыптастыруға сол саланың мамандары тікелей атсалысуы қажет. Қазіргі терминология саласындағы ұстаным да осыған бағытталып отыр. Термин жасаудың түрлі тәсілі бар. Кейбір сөздерді тікелей аударуға болады, енді бірінің мазмұнын, қызметін немесе шығу тегін ескеру қажет. Тағы бір маңызды мәселе – терминдердің бірізді қолданылуы. Кейде бір ұғымның бірнеше баламасы қатар қолданылады. Бұл кәсіби ортада түсінбеушілік тудыруы мүмкін. Ұсынылған терминдердің ғылыми негізділігіне, қолданысқа жарамдылығына және мағыналық дәлдігіне баса назар аударған жөн. Асығыс әзірленген, сапасыз сөздіктер мен негізсіз аудармалар тілдің дамуына кері әсер етуі ықтимал, – деді лингвистика және құқықтық терминология орталығының бас ғылыми қызметкері Болат Сыздық.

Сондай-ақ, жоғары оқу орындарында техникалық мамандарды даярлау барысында салалық терминдерді біріздендіру мәселесі қарастырылды. Бұл тақырып бойынша Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Пайдалы кен орындарын қазып өндіру» кафедрасының қауымдастырылған профессоры Нұрбол Бахтыбаев баяндама жасады.

– Терминдерді біріздендіру білім беру мен өндіріс саласы үшін аса маңызды мәселе. Себебі, бір ұғымның бірнеше нұсқада қолданылуы студенттердің білім алуына да, ғылыми жұмыстарды бағалауға да қиындық туғызады. Өз тәжірибемде мұндай жағдайларды жиі кездестірдім. Мәселен, бұрын қазақ тіліндегі оқулықтар мен терминологиялық сөздіктерде бірізділік болмағандықтан, студенттің зерттеу жұмысының мазмұнынан гөрі қолданған терминдеріне көбірек мән берілетін. Соның салдарынан жұмыстың негізгі құндылығы назардан тыс қалатын кездер де болды.

Терминнің өміршең болуы оның түсінікті, айтуға жеңіл әрі мағыналық тұрғыдан дәл болуына байланысты. Егер ұсынылған балама сөздің логикалық негізі дұрыс болса, оны оқу үдерісінде де, өндірісте де қолдану жеңілдейді. Мәселен, тау-кен өндірісі саласында қазақша қалыптасқан бірқатар атауларды мамандар күнделікті жұмыс барысында еркін пайдаланып жүр. Меніңше, термин жасауда тіл мамандары мен сала өкілдерінің бірлескен жұмысы шешуші рөл атқарады. Лингвист сөздің тілдік заңдылықтарын ескерсе, салалық маман оның нақты мазмұны мен кәсіби қолданысын түсіндіреді. Осы екі бағыт тоғысқанда ғана ғылыми тұрғыдан негізделген әрі тәжірибеде қолдануға жарамды терминдер қалыптасады. Ұсынылған терминдерді бірден оқу үдерісіне енгізбей, алдымен терминологиялық комиссия деңгейінде қарастырып, кейін тиісті сала мамандарымен талқылап, тәжірибеде қолданысын тексеру қажет, – деді Нұрбол Бахтыбаев.

Жиында «Сөзжасам» жобасының өндірістік терминдерді біріздендірудегі рөліне де назар аударылды. Қарағанды облысының Тілдерді оқыту орталығының директоры Алмагүл Игенова жобаның өңірлік деңгейде жүзеге асырылу барысы мен маңызын таныстырды. Жалпы, ғылыми-техникалық терминологияны қазақ тілінде қалыптастыру – мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтумен қатар, оның заманауи ғылым мен өндіріс талаптарына бейімделуіне жол ашатын маңызды бағыт. Әсіресе, жаңа технологиялар мен инновациялық үдерістер қарқынды дамып жатқан кезеңде кәсіби ұғымдардың қазақша баламасын қалыптастыру және оларды ортақ жүйеге түсірудің маңызы арта түседі.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

Сарбаздар ант қабылдады

Қарағандыда Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5451 әскери бөлімінде 300-ден астам жас сарбаз салтанатты түрде әскери ант қабылдады. Бұл туралы Polisia.kz хабарлады.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты рәсім барысында жас сарбаздар Отан алдындағы борышын адал атқаруға, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтауға, елдің қауіпсіздігі мен тыныштығын қорғауға серт берді.


Әскери ант қабылдау – әрбір сарбаздың өміріндегі маңызды әрі жауапты кезең. Бұл – Отанға деген адалдықтың, әскери борыш алдындағы жауапкершіліктің және елге берген сертке беріктіктің белгісі.

Салтанатты шараға әскери бөлім басшылығы, ардагерлер, сарбаздардың ата-аналары мен жақындары қатысты. Олар жас жауынгерлерге ақ тілектерін арнап, әскери қызмет барысында табандылық, тәртіп пен жоғары жауапкершілік танытуға шақырды.

Жас сарбаздар үшін бұл күн әскери өмірдің маңызды белесіне айналып, Отан алдындағы азаматтық парызды абыроймен атқаруға бастайтын жауапты қадам болды.

Өсім, өнім және өркендеу

Шет ауданының экономикалық қуатын арттырып, еңсесін тіктейтін басты сала – ауыл шаруашылығы бүгінде өркендеудің жаңа белесіне көтерілді. Аймақтағы агроөнеркәсіп кешені ішкі сұранысты қанағаттандырып қана қоймай, тұтас Қарағанды облысының азық-түлік қорын еселеуге үлес қосып отыр. Табиғаттың мінезі мен ауа райының құбылмалылығына қарамастан, өңірдегі шаруа қожалықтары заманауи агротехнологияларды кеңінен қолданып, егін және мал шаруашылығын қатар дамытуда. Биылғы тоғыз айдың қорытындысы аудандағы аграрлық саясаттың дұрыс арнада жүргізіліп жатқанын, шаруалардың қажырлы еңбегі мен мемлекеттік қолдау тетіктерінің өзара тиімді ұштасқанын айқын көрсетті.



Назар ӘЛІ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы тоғыз айда аудандағы ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 53 миллиард 715,4 миллион теңгеге жеткен. Бұл – өте жоғары көрсеткіш. Оның ішінде өсімдік шаруашылығының үлесі 18 миллиард 676,2 миллион теңгені құрап, нақты көлем индексі 101,5 пайыз деңгейінде бекіп отыр. Саланың тамырына қан жүгіртетін басты күш – инвестиция екені даусыз. Осы уақыт аралығында агроөнеркәсіп кешеніне тартылған қаржы көлемі 3 миллиард 975 миллион теңгені құрады. Аграрлық сектордағы бұл қаражат негізінен өндіріс қорларын жаңартуға, яғни, асыл тұқымды мал мен су жаңа техника сатып алуға бағытталған. Мәселен, өнімділігі жоғары мал басын көбейту мақсатында 102 миллион 300 мың теңгеге 204 бас асыл тұқымды ірі қара мал сатып алынса, 3 миллиард 622 миллион теңге қаржы тікелей ауыл шаруашылығы техникасы мен оның қосалқы бөлшектерін жаңартуға жұмсалды. Бұдан бөлек, инвестициялық жобаларға 150 миллион теңге, өсімдік шаруашылығы бағытына 100 миллион теңге бағытталып, өндірістік қуат барынша күшейтілді.

Мал шаруашылығы – Шет ауданы үшін атакәсіп қана емес, нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ететін жетекші сала. Бүгінгі күні ауданда төрт түлік малдың саны тұрақты өсіп келеді. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, ірі қара 99 985 басқа (104,0%), жылқы 89 970 басқа (108,2%), ұсақ мал 162 772 басқа (100,8%), ал, құс 30 082 басқа (109,6%) жеткен. Төрт түліктің көбеюі өз кезегінде өндірілетін өнім көлеміне де оң ықпалын тигізді. Барлық санаттағы шаруашылықтарда ет өндірісі 14 268,4 мың тоннаны құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 103,8 пайызға артса, сүт өндірісі 41 625,9 мың тоннаға (103,6%), жұмыртқа өндіру 2 179,0 миллион данаға (102,9%) жетті. Осындай мал басын қыстан қысылмай алып шығу үшін мығым дайындық қажет екені белгілі. Осы мақсатта алдағы қысқы маусымға жоспарланған 422 мың тонна мал азығы толығымен дайындалып, меже 100 пайызға орындалды. Әр елдімекендегі тасымалдау мен жанар-жағармай шығындарына қарай орама шөптің бір рулоны 10-14 мың теңге, престелген бума 700-1200 теңге, бос шөптің тоннасы 13-16 мың теңге аралығында бағаланып, шаруашылықтарға толық жеткізілді.

Диқандар қауымы үшін де биылғы егін орағы табысты аяқталды. Күзгі дала жұмыстарына аудан бойынша 68 ауыл шаруашылығы құрылымы қатысып, бекітілген агротехникалық мерзімде өнімді шашау шығармай қамбаға құйды. Биыл ауданда 18 720 гектар алқапқа масақты дәнді дақылдар егілген болатын. Оның ішінде бидай – 5 700, арпа – 11 200, сұлы 200 гектарды алды. Сондай-ақ, 1 420 гектар жерге картоп, 200 гектарға майлы дақылдар отырғызылды. Нәтижесінде дәнді дақылдардың жалпы түсімі 14,5 мың тоннаны құрады (бидай – 5,8 мың, арпа – 8,3 мың, сұлы – 0,17 мың тонна). Картоптан 39,0 мың тонна, майлы дақылдардан 0,3 мың тонна өнім қамбаға түсті. Орташа өнімділік дәнді дақылдар бойынша гектарына 7,5 центнерді, картоп бойынша гектарына 285 центнерді көрсетті. Бұл жұмыстардың жүйелі атқарылуына «ГосАгро» электрондық платформасы арқылы уақытылы берілген 230,4 тонна жеңілдетілген дизель отыны айтарлықтай септігін тигізді. Оператор ретінде белгіленген «Мұнай-Company» ЖШС арқылы шаруалар жанармайдың литрін 295 теңгеден алып, күзгі науқанды тоқтаусыз, кедергісіз жүргізді.

Осы орайда Шет ауданы ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Ердос Әбішев мемлекеттік қолдаудың ауыл шаруашылығын дамытудағы маңызына кеңірек тоқталып өтті. «Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығын мемлекеттік деменеу қаржысыз елестету қиын. Биылдың өзінде ауданымыздағы шаруалар өндіріс шығындарын азайту үшін үкіметтен қыруар көмек алды. Мәселен, сапалы тұқым сатып алған «Бірлік», «Маясар», «Отан», «Райымбек» шаруа қожалықтары мен «Шерубай-Су», «Family Farm» серіктестіктеріне жалпы сомасы 19 миллион 344 мың теңге субсидия берілді. Егістік пен картоп алқаптарын суаруға байланысты бір ғана «Шерубай-Су» ЖШС 37 миллион 589 мың теңге көлемінде мемлекеттік қолдауға ие болды. Сонымен қатар, егіннің шығымдылығын арттыру мақсатында гербицидтер мен минералдық тыңайтқыштар алған сегіз шаруашылыққа 68 миллион 600 мың теңге қаржы аударылды. Мұның барлығы егін сапасын арттырып қана қоймай, өнімнің өзіндік құнын төмендетуге тікелей ықпал етеді. Біздің басты мүддеміз – шаруаларға қағазбастылықты азайтып, осындай мемлекеттік бағдарламалардың игілігін барынша қолжетімді ету», – дейді бөлім басшысы.

Аудандағы техника паркін жаңарту қарқыны да көңіл қуантады. Жыл басынан бері аудан аграрлары 3 миллиард 622,7 миллион теңгеге 208 бірлік жаңа ауыл шаруашылығы техникасын сатып алған. Бұл ретте шаруалардың басым көпшілігі «ҚазАгроҚаржы» АҚ ұсынатын мемлекеттік қолдау бағдарламаларын өте тиімді пайдаланып отыр. Аталған қаржы институты арқылы 5 пайыздық жеңілдікпен 2 миллиард 446,0 миллион теңгеге 188 бірлік техника ресімделсе, 438,0 миллион теңгеге 19 бірлік техника шаруалардың жеке қаражаты есебінен алынған. Сатып алынған техникалардың 99 бірлігі қуатты тракторлар болса, 109 бірлігі заманауи тіркемелі және аспалы қондырғылар. Бұл ескірген техниканың үлесін азайтып, егіс пен орақ кезіндегі ысырапты мейлінше төмендетуге жол ашты.

Ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғау және экономикалық шығындардың алдын алу мақсатында ауданда фитосанитариялық шаралар да қатаң бақылауға алынған. Биыл ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде шегірткеге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Жалпы аумағы 9 600 гектарды құрайтын жер телімінде Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығының мамандарымен бірлескен күрес шаралары жүргізілді. Атап айтқанда, Ақсу-Аюлы, Ақшоқы, Ортау ауылдық округтерінде – 450 гектардан, Өспенде – 900, Көктіңкөлі, Босаға ауылдық округтері мен Ақадыр, Ақжал кенттерінде – 1 200 гектардан, ал, Кәрім Мыңбаев ауылдық округінде 2 100 гектар алқап залалсыздандырылды. Бұл жұмыстар еліміздің фитосанитариялық қауіпсіздік талаптарына толық сәйкес атқарылып, қазіргі уақытта аудандағы жағдай толық тұрақталды.

Шет ауданының агросаласы нақты экономикалық бағдар мен қажырлы еңбектің арқасында алға басып келеді. Диқанның маңдай тері мен малшының табандылығы мемлекеттің жүйелі қолдауымен ұштасқан жерде өсім де, өнім де болатыны хақ. Аймақ аграрлары алдағы уақытта да өндіріс көлемін еселеп, өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайту жолындағы толымды тірліктерін жалғастыра бермек.

Шет ауданы

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

ӨҢІРЛЕРДІ ДАМЫТУ

• ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Ауқымды жоба аяқталды

Ақтоғай ауданында тұрғындар үшін маңызды инфрақұрылымдық жоба сәтті аяқталды. Төрт жылға жуық уақытқа созылған құрылыс жұмыстарының нәтижесінде аудан орталығында орталықтандырылған кәріз жүйесі тартылып, енді әлеуметтік нысандарды желіге қосу кезеңі басталмақ.

Ақтоғай ауылдық округінде 2023 жылы басталған жоба бұрын-соңды орталықтандырылған кәріз жүйесі болмаған аудан үшін айрықша маңызға ие. Жоба аясында 27 шақырымнан астам құбыр тартылып, кәріз желісінің құрылысы жүргізілді.

Аудан әкімінің орынбасары Ардагер Қапашевтың айтуынша, жобаның негізгі құрылыс жұмыстары аяқталған. Ендігі кезекте сорғы станциялары мен электр жабдықтарын іске қосу, жүйені сынақтан өткізу және реттеу жұмыстары атқарылмақ.

– Жоба бойынша жалпы ұзындығы 28 шақырым болатын кәріз желісінің құрылысы жүргізілді. Бес сорғы станциясы мен бір тазарту нысанының құрылысы аяқталды. Алдағы уақытта, жоспарға сәйкес, алдымен әлеуметтік-мәдени нысандар орталық кәріз жүйесіне қосылады. Кейін тұрғын үйлерді желіге қосу жұмыстары кезең-кезеңімен ұйымдастырылады, – деді Ардагер Қапашев.

Қазіргі таңда жобаның орындалу деңгейі 95 пайызға жеткен. Қалған жұмыстар инженерлік жабдықтарды іске қосу мен жүйенің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған.


Өз тілшімізден

Ақтоғай ауданы

• АКЦИЯ

Салғырттық сан соқтырады

Жылыту кезеңінде тұрғын үйлердегі өрт пен газдан улану қаупі арта түседі. Әсіресе, жеке секторда тұратын азаматтар үшін газ жабдықтарын дұрыс пайдалану, мұржа мен желдету арналарының жарамдылығын қадағалау маңызды. Осыған байланысты тұрғындар арасында қауіпсіздік талаптарын түсіндіруге бағытталған профилактикалық акция өтті.



Коллажды жасаған Арайлым Көгаева

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«QazaqGaz Aimaq» Қарағанды өндірістік филиалы қалалық төтенше жағдайлар басқармасымен бірлесіп, қала әкімдігінің тұрғын үй инспекциясының қатысуымен ұйымдастырды. Акция тұрмыста газды қауіпсіз пайдалану жөніндегі айлық аясында өткізілді.

Қарағанды қаласы төтенше жағдайлар басқармасы бастығының орынбасары, азаматтық қорғау подполковнигі Құрмет Жұмекеновтің айтуынша, жылыту маусымы басталғалы бері тұрғындар арасында қауіпсіздік талаптарын түсіндіру тұрақты жүргізіліп келеді.

– 1 қазаннан бастап, Қарағанды қаласында жылыту маусымы басталды. Осы кезеңде тұрғындардың табиғи және иіс газынан улану қаупі зор. Жылыту маусымы аяқталғанға дейін мұндай профилактикалық шараларды тұрақты түрде өткізуді жоспарлап отырмыз. Бұл жұмыстарға «QazaqGaz Aimaq» өкілдерімен қатар еріктілерді, студенттерді және жастар ұйымдарын да тартамыз. Негізгі мақсатымыз – тұрғындарға пешпен және газбен жылытылатын жабдықтарды қауіпсіз пайдалану тәртібін түсіндіру, қарапайым сақтық ережелерін еске салу. Жыл сайын газ абоненттерінің саны артып келеді. Табиғи газды пайдалану тәжірибесі Қарағандыда енді қалыптасып жатқандықтан, тұрғындарға оның қауіпсіздік талаптарын да жан-жақты түсіндіру маңызды. Қазіргі таңда қалада табиғи газдан улану деректері тіркелген жоқ. Дегенмен, иіс газынан улану оқиғалары кездеседі. Қауіптің алдын алу шараларын күшейтіп, халықтың қауіпсіздік мәдениетін арттыруға басымдық беріп отырмыз, – деді Құрмет Жұмекенов.

Профилактикалық рейдтер қала аудандарын кезең-кезеңімен қамтып келеді. Бұған дейін Таир шағынауданы мен Майқұдық аумағында түсіндіру жұмыстары жүргізілсе, бұл жолы Михайловка тұрғындарына назар аударылған. Мамандар, ең алдымен, пешпен жылыту жүйелерінің жағдайын тексеріп, ақау анықталған жағдайда оны жою жолдарын түсіндіреді. Қажет болған кезде тұрғындарға мұржаларды тазалауға да көмек көрсетіледі. Сонымен қатар, қауіп-қатер бар үйлерге иіс газын анықтайтын датчиктер орнатылады. Сондай-ақ, иіс газы датчиктерін орнату жұмыстары алдымен әлеуметтік осал санаттағы азаматтарды қамтығанын атап өтті. Олардың қатарында көпбалалы отбасылар, мүгедектігі бар адамдар және жалғыз тұратын зейнеткерлер бар. Қарағанды қаласында мұндай санатқа жататын шамамен 2 200 отбасы болса, оның 600-і көпқабатты тұрғын үйлерде тұрады. Жеке секторда тұратын әлеуметтік осал топ өкілдері датчиктермен толық қамтылған.

Шараның негізгі мақсаты – жеке сектор тұрғындарының табиғи газды қауіпсіз пайдалану жөніндегі сауатын арттыру, жылыту кезеңінде өрт пен жазатайым оқиғалардың алдын алу, сондай-ақ, көгілдір отынды үнемді тұтыну мәдениетін қалыптастыру.

«QazaqGaz Aimaq» АҚ Қарағанды өндірістік филиалының директоры Владислав Кисиковтің айтуынша, табиғи газды қауіпсіз пайдалану үшін оны үйге қосу кезеңінен бастап, техникалық талаптарды сақтау маңызды. Қазіргі уақытта газға қосылу жұмыстары электронды форматта жүргізіледі.

– Тұтынушы алдымен eGov порталы арқылы техникалық шарт алып, жобалау және құрылыс-монтаж жұмыстарын атқаратын мамандандырылған ұйымды жалдайды. Газ плитасы мен жылыту қазандығы сияқты жабдықтар орнатылғаннан кейін газға қосылуға дайын екені туралы «QazaqGaz Aimaq» АҚ-ға өтінім береді. Бұл ретте газды өз бетінше іске қосуға болмайды. Оны тек мамандандырылған ұйымның білікті мамандары орындауы тиіс. Газ қауіпсіздігін қамтамасыз етуде газдануды анықтайтын сигнализатордың да маңызы зор. Құрылғы газдың таралуын анықтаған жағдайда оның берілуін автоматты түрде тоқтатады. Сонымен қатар, тұтынушылар газ жабдықтарына жыл сайын техникалық қызмет көрсету туралы келісімшарт жасасуға міндетті. Мамандар арнайы тексеріс кезінде жабдықтардың техникалық жағдайын қарап, газдың таралу ықтималдығын анықтайды. Егер тұтынушының мұндай келісімшарты болмаса, газ тарату ұйымы оны газбен жабдықтауды тоқтатуға құқылы. Қазір әкімдік жобасы аясында қашықтан басқарылатын есептегіштер де орнатылып жатыр. Олардың көмегімен қажет болған жағдайда газ беруді қашықтан тоқтатуға мүмкіндік бар, – деді Владислав Кисиков.

Акция аясында қатысушылар Армейская, Рыночная және Ленинградская көшелеріндегі жеке тұрғын үйлерді аралады. Мамандар әр аулаға кіріп, тұрғындарға газ жабдықтарын қауіпсіз пайдалану тәртібін түсіндіріп, арнайы ақпараттық жадынамалар таратты. Кездесу барысында газ жабдықтарына уақытылы техникалық қызмет көрсетудің маңызына ерекше назар аударылды. Сондай-ақ, мұржа мен желдету арналарының жағдайын тұрақты тексеру, бөлмелердің дұрыс желдетілуін қамтамасыз ету және ақауы бар жабдықтарды пайдаланбау қажеттігі ескертілді.

Мұндай шаралар төтенше жағдайлардың алдын алуға, тұрғындардың қауіпсіздік мәдениетін арттыруға және табиғи ресурстарды жауапкершілікпен тұтынуға бағытталған. Қауіпсіздікке бейжай қарамай, әр үйде қажетті талаптардың сақталуын қадағалау – ортақ міндет.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● ФЕСТИВАЛЬ

Елордадағы ерекше жеңіс

Астанада өткен «Тең мүмкіндіктер» инклюзивті спорт фестивалінде Қарағанды облысының намысын қорғаған Шет ауданының оқушылары жеңіл атлетикадан I орын иеленді.



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Астана қаласында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар арасында «Тең мүмкіндіктер» инклюзивті спорт фестивалінің республикалық кезеңі өтті. Ауқымды додаға Қарағанды, Теміртау қалалары мен Шет және Нұра аудандарының командалары қатысып, өнір намысын қорғады.

Фестивальдің негізгі мақсаты – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды спортқа баулу, олардың физикалық мүмкіндіктерін дамыту, саламатты өмір салтын насихаттау және өз күшіне деген сенімін арттыру. Сонымен қатар, жарыс балалардың өзара қарым-қатынасын нығайтып, достық пен қолдау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Жарыс барысында 3-4, 5-6 және 7-8 сынып оқушылары жеңіл атлетика, бочча және көңілді эстафета бойынша бақ сынады. Қатысушыларептілік, шапшаңдық, төзімділік пен командалық бірліктің үлгісін көрсетті. Республикалық кезеңнің қорытындысы бойынша Қарағанды облысы Шет ауданына қарасты Нұра жалпы білім беретін мектебінің 3-4 сынып оқушылары жеңіл атлетикадан I орын иеленіп, жеңіс тұғырынан көрінді. Мектеп намысын қорғаған Төлеутай Мұхаммедәлі, Түсіпбай Құлжабек және Маусымжан Кәусар жоғары нәтиже көрсетіп, туған мектебінің мерейін асқақтатты. Бұл жетістік – жас спортшылардың табандылығы мен жүйелі дайындығының жемісі. Оқушыларды жарысқа дайындап, қолдау көрсеткен жетекшісі Нұргүл Даримбаеваның еңбегін де атап өткен жөн. Ұстаздың кәсіби бағыт-бағдары мен шәкірттерінің ынта-жігері ортақ жеңіске жол ашты.

«Тең мүмкіндіктер» фестивалі – әр баланың қабілетін таныту, әлеуетін ашуға жол беретін маңызды алаң. Мұндай жарыстар балаларды тек спорттық жетістікке жетелеп қана қоймай, өзара құрметке, достыққа, бірлік пен табандылыққа тәрбиелейді.

Сурет автордан

● ТУРНИР

Ұлт көсемін ұлықтады

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның 160 жылдық мерейтойын ұлықтау рухани-танымдық іс-шаралардан бөлек, спорттық бастамалар арқылы да көрініс табуда. Осы мақсатта «Әлихан Бөкейхан кубогы» дәстүрлі қалалық мектеп ата-аналар лигасы аясында волейболдан турнир өтті. Әр мектептің намысын қорғаған ата-аналар бір алаңда бас қосып, бақ сынасты.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы спорттық доданың ұйымдастырылуына Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектептің Әкелер одағы ұйытқы болды. Мектеп директоры Салтанат Алданышқызы мұндай бастамалардың тәрбиелік мәніне айрықша тоқталып, алдағы уақытта ата-аналармен бірлескен жобалардың жалғаса беретінін жеткізді.

– Осындай спорттық іс-шараларды барынша жиі өткізіп тұрсақ деген ниетіміз бар. Өйткені, бұл бір жағынан оқушыларға үлгі-өнеге болса, екінші жағынан ата-аналардың бірлігі мен өзара ынтымағын арттыруға септігін тигізеді. Бала тәрбиесі тек мектептің немесе жекелеген ата-ананың ғана міндеті емес. Ол – баршамызға ортақ жауапкершілік. Мектеп пен отбасы бір мақсат жолында жұмыла әрекет етсе, жас ұрпақ та үлкендердің өнегесіне қарап бой түзейді. Әсіресе, Әлихан Бөкейхан сынды ұлт тұлғаларының есімін осындай игі бастамалармен сабақтастырудың тағылымы мол. Алдағы оқу жылында да ата-аналармен бірлесіп, жүзеге асыратын бірнеше жобамыз бар. Бүгінгі турнирдің ұйымдастырылуына атсалысып, белсенділік танытқан барша азаматқа ризашылығымызды білдіреміз, – деді мектеп директоры.

Айта кетерлігі, Әкелер одағының қызметі спорттық жарыстармен ғана шектелмейді. Ұйым мүшелері отбасылық тәрбиені нығайту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және ата-аналардың қоғамдық белсенділігін арттыру бағытында да жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді.

– Біздің мақсатымыз – ата-аналарды тек спорт алаңында ғана емес, рухани-танымдық ортада да тоғыстыру. Мәселен, басқосуларымызда хакім Абайдың қарасөздерін, әдеби шығармаларды талқылап, отбасы құндылықтары мен бала тәрбиесіне қатысты ой бөлісеміз. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы айқындаған «Кітап оқитын ұлт» жобасы аясындағы іс-шараларға да белсенді қатысамыз. Халқымыз «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп бекер айтпаған. Балаға тәрбие берудің ең ұтымды жолы – өз ісіңмен үлгі көрсету, – деді «Әкелер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Жақыпбек Жылқыбайұлы.

Турнирдің ресми ашылу салтанатынан кейін қатысушыларға мектеп ішіне шағын экскурсия ұйымдастырылды. Ата-аналар даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлының құрметіне ашылған мектеп мұражайын аралап, батырдың өмірі мен ерлік жолына арналған жәдігерлерді тамашалады.

Биылғы турнирге Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп, Шахтинск қаласындағы Әлихан Бөкейхан атындағы мектеп, Абай қаласындағы Абай атындағы мектеп, Доскей ауылының мектебі, №24 және №8 жалпы білім беретін мектептер, Сәкен Сейфуллин атындағы мектеп-гимназиясы мен Көкпекті ауылының мектебі қатысты.

– Сайып келгенде, бұл турнирдің шын жеңісі жүлде тұғырындағы орындармен ғана өлшенбейді. Бір мақсатқа жұмылған ата-аналардың ауызбіршілігі, мектептер арасындағы байланыстың беки түсуі және бала тәрбиесіне деген ортақ жауапкершіліктің артуы – бастаманың басты жемісі. Әлихан Бөкейханның мерейтойы аясында өрбіген игі шараның тағылымы да осында. Өйткені, ұлтқа қызмет етудің өнегесі ұрпақ тәрбиесіне жанашырлық танытудан басталады, – деді Бауыржан Момышұлы атындағы мектептің Әкелер одағының мүшесі Әділет Жағыпар.

Жарыс қорытындысында Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектептің ата-аналар командасы топ жарып, I орынды иеленді. Сәкен Сейфуллин атындағы мектеп-гимназиясының командасы II орынға табан тіресе, №24 жалпы білім беретін мектептің ата-аналары III орынға лайық деп танылды.

Айта кетелік, турнирдің тағы бір ерекшелігі – жеңімпазға көшпелі кубок табысталады. Ұйымдастырушылардың жоспарына сәйкес, ата-аналар лигасы ай сайын өткізіліп тұрмақ. Жеребе қорытындысы бойынша келесі кезеңнің Доскей ауылында өтетіні белгілі болды.

Сурет автордан

● ХОККЕЙ

Қарымтада есе қайтарды

Хоккейден Pro Hokei Ligasy ойындарының кезекті турында қарағандылық «Сарыарқа» өз айдынында «Алматы» командасын қабылдады. Жерлестер алғашқы кездесуінде 4:5 есебімен жеңілсе, қарымта кездесуде 6:1 есебімен есе қайтарды.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қос команда арасындағы алғашқы кездесу тартысқа толы өтті. Ойынның алғашқы минутында-ақ Данила Карабан мен Владислав Никулин қарсылас қақпасына екі шайба салып, команданы алға шығарған. Алайда, алматылықтар көп ұзамай қарымта шабуыл ұйымдастырып, есепті теңестіріп кетті. Есеп – 2:2.

Екінші кезеңде алаң иелері сапынан Александр Борисевич мергендігімен көзге түсіп, командасын қайтадан алға шығарды. Дегенмен, араға бес минут салып, қарсыластар тағы да таразы басын теңестіріп үлгерді. Үшінші кезеңде де ойын қарқыны бәсеңдеген жоқ. Бұл жолы қарағандылық клубтың шабуылшысы Владислав Никулин кездесудегі екінші шайбасын салып, жерлестерді алға шығарғанымен, ойынның 52-ші минутында алматылықтар есепті 4:4-ке жеткізді. Негізгі уақыт тең аяқталған соң, командалар жеңімпазды овертаймда анықтауға тырысқан. Алайда, қос тарап та шешуші шайбаны соға алмай, кездесу буллит сериясына ұласты. Бұл кезеңде алматылық хоккейшілер мергендік танытып, жеңісті жұлып алды.

Қарымта кездесудің бірінші минутында қорғаушы Виталий Люлько есеп ашқан. Араға екі минут салып, алматылықтар таразы басын теңестіреді. Бұған алаң иелері сапынан Владислав Никулин жауап беріп, алғашқы кезеңнің қорытындысы бойынша командасын 2:1 есебімен алға шығарды.

Одан кейін де жерлестер шабуыл қарқынын бәсеңдетпей, қарсылас қақпасын нысанаға алуды жалғастырды. Екінші кезеңнің 24-ші минутында Кирилл Пономарев есеп айырмасын ұлғайтса, Руслан Демин 46-шы және 50-ші минутта қос шайба соғып, командасының басымдығын көрсетті. Ал, кездесудің аяқталуына бір минут қалғанда Евгений Королинский де мергендік танытып, ойынның соңғы нүктесін қойды.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

● ЖАҢА КІТАП

Жас жүректің «Жарығы»

Бұлақтың көзінен басталған мөлдір су аға келе арнасын кеңейтіп, дарияға ұласады. Әдебиет әлеміне енді ғана қанат қаққан жас талаптың алғашқы қадамы да осыған ұқсас. Бүгінгі балаң жыр ертең кемел ойға, ал, алғашқы ізденіс үлкен шығармашылық жолға бастамақ. Осындай үмітті өркеннің алғашқы шығармашылық қадамына қанат бітірген игі бастаманың бірі – облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жарық көрген жас ақындар Нұрасыл Аманжол мен Нұрдәулет Маратты «Жарық» атты ортақ жыр жинағы. Күні кеше қос ақынның тұңғыш туындысы салтанатты түрде оқырманға жол тартты.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Жүрек іздесе» деген атаумен өрілген әдеби кештің мазмұны да, мәні де бөлек болды. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің «Жастар әлемі» журналы жанынан құрылған «Үкілі үміт» шығармашылық клубының ұйытқы болуымен ұйымдастырылған шара дәстүрлі кітап таныстырылымының шеңберінен шығып, тұтас поэзиялық композицияға ұласты.

Кеш шымылдығы Нұрасыл Аманжолдың «Әбдіре» өлеңімен түрілді. Сахна төріне қойылған әбдіре де жай ғана көркемдік безендіру емес, әдеби кештің басты символдық нышанына айналды.

Жыр жинағының лентасын университеттің Басқарма мүшесі – стратегиялық даму жөніндегі проректоры Ербол Сармурзин, Қазақстан Жазушылар одағы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы ақын Жанат Жаңқашұлы, журналистика кафедрасының аға оқытушысы Әлімжан Жақан және ақын Бағдат Мұбарак кесті. Қалам ұстаған қос талапкерге ақжарма тілектерін арнап, шығармашылық жолдарына сәттілік тіледі.

– Қара өлеңнің қадірін түсінетін қарағандылықтар өлеңге аса талғаммен қарайды. Біз де аға буын өкілдерінен жеткен аманатты арқалап, жас ақындарды қолдап, олардың қанатын қатайту үшін аянып қалмаймыз. Өлеңші деген болады. Екі сөздің басын құрап, өлең шығаратындар көп. Ал, шын ақын болу үшін үнемі ізденіс үстінде жүру керек. Сондықтан, жас ақындарға әлі де ізденіс қажет екенін айтқым келеді, – деді Жанат Жаңқашұлы.

Поэзия мен әуен астасқан кеште талантты әнші Саян Мұздыбай әуелете ән шырқап, жиналған қауымға ерекше көңіл күй сыйлады. Сондай-ақ, Нұрасыл Аманжолдың сөзіне жазылған «Тағы бір мұң» әнін досы Қазыбек Рашид орындап, жыр кешінің әсерін еселей түсті.

Ал, поэзияның өзегінде қашанда адам жанының нәзік иірімдері, ата-анаға деген перзенттік махаббат, көңіл түпкіріндегі аяулы сезім жататыны белгілі. Бұл кеште де сондай шынайы сәттер аз болған жоқ. Нұрасыл ата-анасына арнаған өлеңдерін оқып, анасы мен ақ жаулықты әжесіне гүл шоқтарын табыстады.

Сурет ҚарҰЗУ-дың баспасөз қызметінен

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары **Станислав Альбертович ПЕСНЕВ**
Директордың орынбасары **Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА**

Бас редактор **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы **А.Ә. СОВЕТ**
Жауапты хатшы **С.Б. ІЛИЯШ**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 8-701-185-82-14;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 3 140

№121 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ**